Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 4 (1111)

27.01.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БРИФИНГ

ӨҢІРДЕГІ ЭПИДЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 2022-2023 ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ МАУСЫМЫНДА ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ 26 774 ЖАҒДАЙЫ ТІРКЕЛДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР АЛАҢЫНДА ӨТКЕН БРИФИНГ-ТЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТА-МЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ АСХАТ ЧАРАПИЕВ МӘЛІМ ЕТТІ.

Оның сөзінше өткен жылғы эпидемиологиялық кезеңмен салыстырғанда сырқаттанушылық 24 пайызға жоғарылаған. 14 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы 60 пайызды құрайды. Зертханалық расталған тұмау жұқпасының 331 жағдайы, былтырғы эпидемиологиялық кезеңде тұмаудың 20 жағдайы тіркеліпті.

Айта кетейік, облыста тұрғындарды тұмауға қарсы вакцинамен иммундау жұмыстары өз мәресіне жетті. Жергілікті бюджет есебінен 92 913 адам, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар 24,8 пайызды, ересектердің 75,1 пайызы қамтылып, жалпы облыс халқының 13,7 пайызы иммундаудан өткен.

«Тұмауға қарсы ақысыз иммундаумен ұйымдасқан жабық мекемелердің контингенті жиі ауыратын иммунитеті төмен балалар мен созылмалы аурулары бар ересек адамдар медициналық қызметкерлер мен 2-ші, 3-ші триместрдегі жүкті әйелдер қамтылды», – дейді Асхат Сәкенұлы.

Спикердің айтуынша, қазіргі уақытта тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жедел және жоспарлы түрде алдын алу үшін дәрілік заттардың түрлері кеңінен таралған. Жұқпаның жоғарылау кезеңінде тұмаудың алдын алуының ең қолайлы, кең таралған, қолжетімді түрі – тыныс алу жолдарын қорғау үшін қолданылатын бетперде. Осы кезеңде жіті респираторлық вирустық жұқпаның және тұмаудың алдын алу үшін мүмкіндігінше халық тығыз орналасқан және жаппай шаралар ұйымдастырған жерлерге баруды, әсіресе балалар үшін жұқпа көзі мүмкін болатын қарым-қатынасты шектеу қажет.

– Тұмаудың алдын алуда жеке бас гигиенасын сақтаудың да пайдасы мол, қолды жиі сабынмен жуу қажет. Түшкірген және жөтелген кезде ауызды немесе мұрынды бет орамалмен жабу керек. Барлық мүмкіндікті мүлт жібермей уақытында емханаға қаралып, жұқпалы аурулардың алдын алған жөн. Сырқаттануды емдегеннен көрі алдыналу анағұрлым жеңілірек екенін естен шығармаңыз, – деп ескертті Асхат Чарапиев.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АУЫЗ СУДАН ТАРЫҚҚАН АУЫЛ

Жетісу облысындағы Сарыөзек елді мекенінің тұрғындары ауыз су тапшылығын тартып отыр. Өңірде күн суытысымен жүйелер қатып, құбырларды жібітуге мәжбүр. Суы бар үйдің өзінде қысымы тым төмен, сыздықтап әрең ағатын көрінеді. Жалпы су проблемасы сарыөзектіктер үшін қаншама жылдан бері шешілмей келетін үлкен мәселе.

Тұрғындар бір сағатқа ғана келетін суды алып үлгермейтінін айтады. Тіпті, ол кейбір үйлерде мүлдем жоқ. Ал киім-кешек жуғанға даладағы қарды ерітіп қолданып отыр. Судың зардабы өткен ел оны үнемдеп тұтынуға мәжбүр...

Тоғыз жолдың торабында орналасқан кентте 4 су жинау қоймасы бар. Сала мамандары оның мөлшері жеткілікті екенін айтады. Бірақ су сорғыш қондырғылары тым ескі болғандықтан, жиі бұзылып тұрады, ал оны жөндеуге 5-6 күн уақыт кетеді. Сол себепті өшіруге тура келеді екен.

Қыстың күні қырауда су тапшылығы мал-жанға бірдей қиын тиген тұрғындар жергілікті атқарушы билік өкілдеріне осы мәселені түбегейлі шешіп беруін сұрайды.

Аудан әкімі Қанат Есболатов 2008 жылы орталық құбыр жүйесін толығымен ауыстырғанын, бірақ, сапасы сын көтермейтіні айтады. Оның сөзінше, су құбырына ескі трубалар салынған. Жауапты мамандар мұнда жұқа қондырғыларды орнатып кеткен. Ескірген құбырлар бірінен кейін бірі жарылып жатқандықтан халыққа су бере алмай жатқан көрінеді.

Ауылдағы құбырдың жалпы ұзындығы 87 шақырым болса, аудан басшылығы 2025 жылға дейін 73 шақырымы толық ауыстырылатындығын айтады. Ал биыл су жинау қоймасындағы сорғыш қондырғыларды жаңартпақ.

Аймақта 14 мыңнан астам адам тұрады. Қазір аудан орталығындағы жұрттың жартысынан көбі ішетін су таппай, оны таситын көлікті баласын күткендей, сарыла тосумен келеді.... Бұл мәселенің толыққанды шешілуі үшін билік өкілдері жауапты мамандарды жұмылдырып, істі аяқсыз қалдырмауда үнсіз қалмаулары тиіс.

А.БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САУАЛ – БІЗДЕН, ЖАУАП – СІЗДЕН

ТҰРҒЫНДАР ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРІЛЕ МЕ?

Соңғы екі жылда Талдықорған қаласындағы көпқабатты үйлердің 40-қа жуық ауласына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Дегенмен әлі де аяқталмай қалған аулалар бар. Солардың бірі «Мүшел той» шағын ауданындағы №41-№42 үйлердің ауласы. Екі жыл бұрын абаттандыру ісі басталып, әлі толыққанды аяқталмаған жұмыстарға тұрғындар наразылықтарын айтып, редакциямызға хабарласқан еді.

«Балаларға арналған ойын алаңы әлі аяқталмады, жарық бағаналары орнатылғанымен, ауламыз әлі де қараңғы. Екі жыл бұрын басталған жөндеу жұмыстары әлі жүріп жатыр», – дейді тұрғындар.

Осыған орай біз Талдықорған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне хабарластық. Бұған қатысты ТҮКШБ ММ басшысының орынбасары Алмас Барлыбеков былай дейді.

– «Golden City DS» ЖШС мердігерлік ұйымы «Талдықорған қаласының көпқабатты тұрғын үйлерінің аула аумақтарын орналастыру» нысаны бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде. Мүшелтой шағын ауданындағы аула аумақтарын абаттандыру жұмыстары сараптамадан өткен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес орындалуда. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының аяқталу мерзімі ағымдағы жылдың мамыр айы.

19.08.2022 жылы орындалатын жұмыстардың сапасы бойынша мердігерлік ұйымға қатысты шаралар қабылдау үшін «Жетісу облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ-не хат жолданды.

Бұдан басқа, 03.11.2022 жылдан 22.11.2022 жылға дейінгі кезеңде «Жетісу облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ объектіге профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізіліп, №9 бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді».

ҚЫСҚА – НҰСҚА

ЖАҢАЛЫҚТА жаңа медициналық мекеме бой көтереді

Ақсу ауданының әкімі Есім Сейілханұлы Жаңалық ауылының тұрғындарымен кездесуінде биыл елді мекенде медициналық мекеме бой көтеретінін, сондай-ақ, көптен бері көтеріліп келетін облыстық маңызы бар жол мәселесіне қатысты қаражат бөлінгенін айтты.

Мемлекеттік субсидия беру көзделуде

Облыс орталықтары мен моноқалаларда заманауи сауда орталықтары мен көпфункционалды сауда кешендерін салуға немесе жаңғыртуға ниетті кәсіпкерлерге мемлекеттік субсидия беру көзделуде. Мемлекеттік субсидиялау 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жүзеге асырылады. Жоба 26 қаңтарға дейін қоғам талқысына түседі.

30 бейнебақылау орнатылады

Талдықорғанда «Сергек» зияткерлік жүйесі іске қосылып, 30 бейнебақылау орнатылады. Қала әкімінің сөзінше, бұл бірінші кезекте жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін бұзу дерегін азайтып, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етпек.

Медицина мамандары тапшы

Көксу ауданындағы 9 медициналық мекемеде 74 дәрігер, 320 орта буын мамандары жұмыс істейді. Қазіргі таңда 10-ға жуық маман қажет. Өткен жылы 18 дәрігер келгенімен, бұдан кадр тапшылығы толықтай шешілмегенін айтады аудандық орталық аурухана директоры Жаннұр Сырымов.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

БАЛАНЫ КІТАП ОҚУҒА БАУЛУ

БІЗДІҢ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯМЫЗ «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕ. ӘР АПТАНЫҢ СӘРСЕНБІ КҮНІ «КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ОҚУ» МИНУТЫ ӨТЕДІ.

Әрбір сынып өздеріне берілген көркем шығармаларын оқиды, мазмұндап, талқылайды. Бейнебаяндар түсіріледі, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Әлеуметтік желілерге мектеп парақшалары арқылы тарату жұмыстары ұйымдастырылады.

Оқушылардың кітап оқуға құмарлықтарын арттыру үшін мұғалім алдын ала жоспар құрады. Сынып жоғарылаған сайын көркем шығармаларды күрделендіре түседі. Минутқа оқудан бастап бірте-бірте мәнерлеп оқуға дағды қалыптастыруға болады. Мәнерлеп оқу, екпінді дұрыс қоя білу, оқу мәнерін меңгеру, тыныс белгілерін сақтап, дұрыс кідіріс жасау, дауысты сөйлемдегі ой мазмұнына сай баяу, жігерлі оқу немесе тілек, сұрақ, көңіл-күйді көтеріңкі күйде оқу ескеріледі.

Мұғалім әр оқушының жас ерекшелігіне байланысты, білім көлеміне, сондай-ақ не нәрсені ұнатқандығына қарай көркем әдебиеттерді, қазақ жазушыларының шығармаларынан қысқа үзінділер, аңыз-әңгімелер, сондай-ақ «Балдырған», «Ақ желкен, «Ұлан», газет-журналдарын таңдап ұсынады.

Мектеп кітапханасы – оқушыларды керекті шығармалармен қамтамасыз ететін орын. Оқушылар сабақтан бос кездерінде барып, өздеріне ұнаған кітаптарын алып оқиды.

Кітап оқуға қызықтыра түсу мақсатында оқылған ертегілер мазмұнына түрлі түсті бояумен суреттер салып, өткізу тиімді. Мұндай кітап оқу минуттарында оқушылардың тоқсан бойы оқығандарына есеп беру ретінде әрбір тоқсан аяғында өткізуге де болады. Ілінген суреттерге қарап, оның қай ертегіге қатысты екенін айтып, кітаптағы суреттерге мән берудің маңызы зор екенін естен шығармау керек. Бастауыш сынып жасындағы балалар үшін кітаптағы суреттердің тәрбиелік мәні зор. Олар баланың оқығандарын түсініне, есте сақтауына көмектеседі.

Оқушыны өз бетімен кітап оқуға үйретуде оқушы сауаттанады, сөз қоры ұлғаяды, ойын еркін жеткізе алады. Сөйлегенде мәдени, әдеби тілде көптеген сөздердің баламасын тауып айтып, өз ойы бойынша мазмұндап айта алады. Көркем әдебиетті үнемі оқитын оқушылар суреттер бойынша сөйлегенде шешендік қабілеттерін де көрсете біледі сөз таңдай алады.

Оқушыны өз бетімен кітап оқуға үйрету, оны қалыптастыру оқушының өмірге дайындаудың негізі болып табылады.

Динара БЕКТЕМИСОВА,
Қадырғали Қосымұлы Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.
КӨКСУ АУДАНЫ

АКЦИЯ

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН – ЖАСТАРДЫҢ ТАҢДАУЫ»

«Әділдік Жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысы бойынша филиалының басшысы Дәулет Күлумбаев, сарапшысы Диана Алтыбаева ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің қолдауымен елдегі коррупцияға қарсы саясатты жүзеге асыру мақсатында жастарды жұмылдыруға бағытталған «Әділетті Қазақстан – Жастардың таңдауы» атты акцияның басталғанын хабарлайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сұрақтар бойынша тегін кеңес алуға болатын арнайы 1463 колл центрі қосылды, сонымен қатар, жастардан хабарламаларды қабылдап, өзекті жаңалықтарды жеткізетін ұйымның әлеуметтік желідегі парақшалары ашылды.

Акция аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен серіктестік жөнінде меморандумға қол қойылыды. Бұл өз кезегінде студент жастарды акцияға жұмылдырып, ЖОО қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өзектілігі – оның кешенді сипатында. Мемлекеттің ғана емес, бүкіл азаматтық қоғамның шоғырландырылған күш-жігері қажет. Сондықтан біз «Әділдік жолымен» серіктестік жөнінде меморандумға қол қойдық. Меморандумның басты мақсаты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі бі-лім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың студенттері мен қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады, – деді ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Акция ұйымдастырушылары «Әділдік Жолы» РҚБ атынан Ғылым және жоғары білім министріне ашықтығы, акцияны қолдауға және іс жүзінде өзінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымын көрсетуге дайын екендігі үшін алғыс білдірді.

Акция бастамашылары, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы үздік идеялар мен жобалар байқауының басталғанын жариялады. Онда әрбір жас сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы өз көзқарасын ұсына алады.

РҚБ атқарушы директоры Д.Смағұловтың айтуынша, өтінімдер info@adildik.kz электронды мекен-жайына қабылданады. Одан кейін байқау комиссиясы еліміздің әр өңі-ріндегі үздік жұмыстарды таңдап, бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Сонымен қатар кейбір идеялар эксперименттік пилоттық жобалар ретінде жүзеге асырылады, яғни жастар өз ұсыныстарының жүзеге асуын өз көздерімен көре алады.

«Әділдік жолы» РҚБ атқарушы директоры Д.Смағұлов барша қазақстандық жастарды осы акцияны жүзеге асыруға белсене атсалысуға шақырды, өйткені, Әділетті Қазақстанның қалыптасуы әрбір азаматқа, соның ішінде бірінші кезекте жастарға байланысты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

ПОЗДРАВИЛ СБОРНУЮ КАЗАХСТАНА С МЕДАЛЯМИ УНИВЕРСИАДЫ

КАК ПЕРЕДАЕТ SPUTNIK.KZ, КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОЗДРАВИЛ СТУДЕНЧЕСКУЮ СБОРНУЮ КАЗАХСТАНА С УСПЕШНЫМ ВЫСТУПЛЕНИЕМ НА XXXI ВСЕМИРНОЙ ЗИМНЕЙ УНИВЕРСИАДЕ. ОБ ЭТОМ СООБЩИЛА ПРЕСС-СЛУЖБА ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА.

Президент Казахстана подчеркнул, что победы студенческой сборной стали настоящим подарком для всех болельщиков.

«Вы достойно представили нашу страну на этом спортивном форуме, продемонстрировали мастерство, талант, волю к победе», – отметил глава государства.

Вы оправдали надежды болельщиков, в условиях жесткой конкуренции завоевав медали всех достоинств. В этом есть и безусловная заслуга тренеров наших спортсменов, заявил Касым-Жомарт Токаев.

Президент напомнил, что в стране создаются все условия для развития массового и детского спорта.

«Замечательное выступление сборной на Универсиаде станет хорошим примером для тысяч наших юных сограждан», – говорится в поздравительном послании.

Президент пожелал студенческой сборной Казахстана дальнейших спортивных успехов.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ВО ВРЕМЯ РАБОЧЕЙ ПОЕЗДКИ В КОСТАНАЙСКУЮ ОБЛАСТЬ ПОСЕТИЛ ЗАВОД ALLUR, ГДЕ ЗАПУСТИЛ МЕЛКОУЗЛОВОЕ ПРОИЗВОДСТВО (CKD) АВТОМОБИЛЕЙ KIA, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА АКОРДУ.

О ЛЕГАЛИЗАЦИИ АВТОМОБИЛЕЙ ИЗ КЫРГЫЗСТАНА

По словам руководства завода, в 2022 году было произведено продукции на сумму 614,2 миллиарда тенге. Экспорт составил 21,5 миллиарда тенге. На предприятии трудится свыше двух тысяч человек.

На новой линии будут выпускаться автомобили Kia Sportage. CKD – мелкоузловое производство, включающее сборку автомобилей, сварочные и покрасочные работы в специальных цехах. Данные технологии по производству Kia на территории Центральной Азии и СНГ размещены лишь в Казахстане.

Далее глава государства осмотрел производственные мощности и побеседовал с молодыми работниками.

«Действительно, завод впечатляет. Очень чистое производство, высокая производственная культура. Нам только что продемонстрировали модель Kia Sportage. Качество этого автомобиля очень достойное. Поэтому думаю, что и спрос будет высоким. Мы будем приглашать инвесторов для дальнейшего расширения предприятия. На мой взгляд, в будущем у предприятия не должно быть каких-либо проблем. Мы придаем огромное значение поддержке молодёжи», – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Касым-Жомарт Токаев пожелал новому производству успехов и оставил автограф на автомобиле.

Как сообщили представители завода, в текущем году запланирован запуск линии CKD по производству Kia Cerato. Поэтому компания уже наладила сотрудничество с техническими учебными заведениями. С целью создания условий для обучения кадров начато строительство современного кампуса на 250 мест для студентов и выпускников учебных заведений.

БИЗНЕС

ЭФФЕКТИВНАЯ РАБОТА СОГЛАСИТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

В РЕЗУЛЬТАТЕ РАБОТЫ СОГЛАСИТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ 18 ПОСТАВЩИКОВ БЫЛИ ИСКЛЮЧЕНЫ ИЗ РЕЕСТРА НЕДОБРОСОВЕСТНЫХ ПОСТАВЩИКОВ. В 2022 ГОДУ У ПОСТАВЩИКОВ ПОЯВИЛАСЬ ВОЗМОЖНОСТЬ ОБЖАЛОВАТЬ ВКЛЮЧЕНИЕ В РЕЕСТР НЕДОБРОСОВЕСТНЫХ ПОСТАВЩИКОВ (РНУ) ПУТЕМ ОБРАЩЕНИЯ В СОГЛАСИТЕЛЬНУЮ КОМИССИЮ, - ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

Каковы бывают последствия неисполнения сроков и несвоевременного представления документов на госзакупках, рассказала начальник отдела госзакупок и местного содержания РПП Алматы Жанна Мурзакулова.

«Если поставщик участвует в государственных закупках, должен своевременно подписать договор на портале, внести обеспечение. Если это не сделано вовремя, то он автоматически попадал в реестр недобросовестных поставщиков. И таких поставщиков лишали права участия в государственных закупках на два года, а учредитель не мог создать новую компанию», – отметила Жанна Мурзакулова.

По словам эксперта, ранее, исключение из реестра происходило в двух случаях: автоматически по истечению двух лет и по решению суда (если поставщик не был согласен с решением о добавлении в реестр, он мог подать в суд).

«Сейчас же потенциальный поставщик, который внесен в РНУ за уклонение от заключения договора и не согласен с этим решением, в праве обратиться в Согласительную комиссию. Это сделать не позднее 10 рабочих дней со дня, когда ему стало известно о включении в РНУ, но не позднее 16 календарных дней со дня его признания недобросовестным поставщиком», – добавила Жанна Мурзакулова.

Согласительная комиссия – постоянно действующий коллегиальный орган, который создает заказчик, рассматривающий обращения потенциальных поставщиков, уклонившихся от заключения договора и включенных в реестр.

«За 2022 год в отдел закупок и местного содержания Палаты предпринимателей города Алматы поступило 19 обращений, из них 18 обращений Согласительной Комиссией рассмотрены положительно, поставщики исключены из Реестра недобросовестных поставщиков. Такой результат показывает, что такие механизмы как согласительные комиссии необходимы и действенны для защиты предпринимателей», – подчеркнул директор алматинской палаты предпринимателей Айтуар Кошмамбетов.

Также в конце ноября 2022 года на площадке НИИ «Алматыгенплан» Палата предпринимателей г. Алматы и акимат г. Алматы, провели заседание комиссии по контролю местного содержания в формате выставки с участием заместителя Акима города Алишера Абдыкадырова, руководителей управлений акимата, отечественных производителей строительных материалов и проектных компаний.

В рамках выставки администраторами бюджетных программ были презентованы планы строительных объектов (СМР) на 2023 год.

Ш. ХАМИТОВ.

ГОССЛУЖБА

ЛУЧШИЕ ВЫПУСКНИКИ НА ГОССЛУЖБУ БЕЗ КОНКУРСОВ

Председатель агентства Казахстана по делам государственной службы Дархан Жазыкбаев рассказал о нововведениях в ведомстве, передает ИА «NewTimes.kz».

По его словам, на сегодня из президентского молодежного кадрового резерва трудоустроено около 250 человек, из них 33 – на политические должности и в корпус «А». Жазыкбаев отметил, что лучшие выпускники, успешно окончившие высшие учебные заведения за счет государственного гранта, имеют возможность назначения без конкурсного отбора на низовые должности на районном и сельском уровнях. Без конкурсного отбора по согласованию с уполномоченным органов также смогут назначать сотрудников на высшие должности корпуса «Б».

Это, по словам главы АДГС, будет способствовать привлечению квалифицированной молодежи на госслужбу, стимулировать возвращение молодых специалистов в районы и села, а также снижению дефицита профессиональных кадров в регионах, облегчит процесс поступления на государственную службу.

Рассмотрена также возможность назначения в течение года после завершения на отдельные должности в местные органы, кроме столицы, выпускников Академии госуправления при президенте с высокой успеваемостью.

ОБРАЗОВАНИЕ

ДАТУ ПОСЛЕДНЕГО ЗВОНКА ПЕРЕНЕСЛИ В КАЗАХСТАНЕ

В Министерстве просвещения Казахстана сообщили, что перенесена дата последнего звонка в школах. В 2023 году учащиеся страны будут праздновать последний звонок 1 июня наряду с Международным днем защиты детей, сообщает корреспондент Zakon.kz.

Председатель Комитета среднего образования Министерства просвещения РК Гульмира Каримова напомнила, что традиционно учебный год в казахстанских школах начинается 1 сентября и длится 36 недель.

«С этого года учебный год завершается у нас 31 мая. 31 мая – это учебный день, и, помимо уроков, будут проводиться внеклассные мероприятия с учетом возрастных особенностей детей». Гульмира Каримова.

По ее словам, в текущем году у казахстанских школьников летние каникулы официально начинаются 1 июня.

«Этот день является Международным днем защиты детей. Наряду с этим праздником (в школах Казахстана. – Прим. ред.) будут проводиться праздники последних звонков». Гульмира Каримова.

18 января 2023 года депутат Мажилиса Парламента Казахстана Аманжол Алтай направил запрос заместителю премьер-министра Алтаю Кульгинову с просьбой перенести дату проведения последнего звонка в школах страны с 31 мая на другую дату. Мажилисмен напомнил, что 31 мая

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЕСІРТКІ САУДАСЫ екпіндеп тұр

Адамзаттың есін алған есірткі тасу мен сату тиылмай тұр. Жастың да, жасамыстың да санасын улап жатқан улы зат әлем елдерінің мазасын алуда. Есірткіге еліт-кендердің өмірлері күл-талқан болып, өздері де адам санатынан шығып қалуда. Әу баста қызығушылықпен дәниккендер бара-бара өздерін өздері тежей алмай үйдегі дүние-мүлкін сатып, одан қалса қылмысқа баруда. Емдегені емделіп, ем-дом қонбағандары жынды көбелектей шыр айналып, есірткіден естерін жия алмай жүр.

Ал мұнымен сауда көзін жасағандар пайда табудың басты құралына айналдырып алған. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезімізде (кеңестік дәуір ғой) «Апиын алтыннан да қымбат» деген фильм көріп едік. Апиын бұл да есірткінің аса қымбат түрі. Бір кездері Ауғанстанда кеңінен өсірілген. Фильмде оны тасымалдаушылармен кеңестік полицейлердің күресі туралы баяндалады. Одан кейінгі Италияның «Спрут» деген жемқорлармен байланысты киносында да осы есірткі өнімінің бір ұшығы көрініс тапқан.

Бұл кесапаттың адам денсаулығына аса зиянды екенін біле тұра бүгінгі қоғамда оған тәуелділердің қатары сиреп тұрған жоқ. Есірткімен күресті Мем-лекет басшысы болып қолға алып, полиция және Қауіпсіздік комитетінде арнайы бөлімдер жұмыс жасайды. Алайда жылдан-жылға етек алып бара жатқан бұл қылмыстың жолын кесу де оңай болып тұрған жоқ. Жақында Жетісу облысында «Ұлттық ұлан» сарбаздары мен кинологтар Талдықорған қаласының 45 жастағы тұрғынын ұстаған. Ол «Болашақ» шағын ауданындағы өзінің пәтерін есірткі саудасына айналдырыған. Бұл қолға түскені. Ал түспей көлеңкеде жүрген қанша нашақор және оны саудалаушы барын бір құдай білсін. Қолына кісен салынған азамат шамамен 14 грамм марихуананы сату кезінде тұтылған. Күдіктінің тұрғылықты жерін тінту кезінде синтетикалық есірткіге жататын 83 грамм пирролидин табылған. Сондай-ақ полицейлер одан атыс және травматикалық қарудың оқ-дәрілерін тәркілеген. Бұл қырық бес жастағы азамат болса, тағы бір 24 жастағы қала тұрғыны синтетикалық есірткімен ұсталған. Бұл күдіктіден 1,46 грамм болатын «а-ПВП пирролидин» синтетикалық есірткінің бірнеше дозасын тапқан. Түрлі түрге бөлінетін улы өнімнің неше түрлі атаулары бар. Марихуана деп аталатын түрімен Талдықорған қаласында күдікті ұсталған. Бұл күдікті есірткі партиясын сатумен айналысқан көрінеді. 30 жастағы азамат Алматының тұрғыны болып шыққан. Арнайы операция кезінде тұтылған азаматтың сөмкесінен 44 сіріңке қорабына оралған марихуана табылған. *«Тәркіленген есірткінің жалпы салмағы 125,35 грамм құрайды»*, – дейді Ішкі істер органдарының арнайы хабарламасында.

Өткен жылы Талдықорған қаласында пәтерін есірткі жасайтын фитозертханаға айналдырған 34 жасар азамат қолға түскен. Ол өз лаборато-риясында жарық шамдарының астында бақша құмыраларына 10 түп марихуана отырғызған. Зертхана көпқабатты үйдің екінші қабатында орналасқан. Күдікті ер адам бұрын жауапқа тартылмаған. Пәтердің тағы бір бөлмесін тінту кезінде тәртіп сақшылары белгісіз саңырауқұлақтарды тапты. Саңырауқұлақтар тәркіленіп, олардың құрамында есірткі барын анықтау үшін сараптамаға жіберілген. Жыл басынан бері өңірде құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсірудің 10 фактісі тіркеліп, 20-дан астам есірткі сатушы жауапқа тартылып, заңсыз айналымнан 40 келіге жуық түрлі есірткі тәркіленді.

Өткен жылы облыстық Есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері өздеріне жүктелген арнайы операция кезінде 49 жастағы Талдықорған тұрғынын құрықтаған болатын. Ол синтетикалық есірткі сатумен айналысқан. Күдікті есірткінің біршама дозасын өткізу кезінде қылмыс үстінде қолға түскен. Аталмыш азаматтың тұрғылықты жерін тінту барысында полиция қызметкерлері синтетикалық есірткінің 5 пакетін тапқан. Бұл қылмыскер бұған дейінде осы сипаттағы қылмысы үшін істі болған. Ол 2016 жылы есірткі сатуға байланысты құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылып, жазасын түзеу мекемесінде өтеген. Алайда түзеу мекемесінен оралған соң баяғы әдетіне қайта басқан. Жетісу облысында заңсыз айналымнан 28 келі түрлі есірткі, оның ішінде 3 кг синтетика тәркіленіп, 22 есірткі сатушы ұсталған.

Сондай-ақ есірткі жарнамалайтын 1 600-дей электронды сайт бұғатталған. Бұл туралы ҚР ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің басқарма бастығы Бақытжан Әмірханов айтқанын ҚазАқпарат тілшісі хабарлаған болатын. Өткен жылдың 11 қарашадағы мәліметі бойынша есірткі саудасы бойынша жыл басынан бері 2500-ге жуық қылмыс анықталған. Есірткі мен нашақорлық бүгінгі таңда шекара талғамайтын жағдайға жеткен. Бұрын өнерде шекара жоқ деуші едік. Енді есірткіде шекара болмай тұр. Қазақстанда есірткі ахуалына 3 негізгі қауіп барын өткен жылы ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің басқарма бастығы Бақытжан Әмірханов айтқан-ды. Оның біріншісі, Орталық Азия, Қазақстан, Ресей әрі қарай Еуропа елдеріне қарай жүретін есірткінің трафигін тасымалдау. Екіншісі, кең таралып отырған синтетикалық есірткінің түрлері. Ал үшіншісі мемлекет ішіндегі шикізаты көп есірткінің канабис түрінен жасалынатын марихуана секілді түрлері барын мәлімдеген. Полицейлердің айтуынша, жыл басынан бері құқық қорғау органдары мен арнайы құзырлы органдар 2500-ге жуық қылмысты анықтаған. Оның 60%-ы сатумен байланысты болса, 2168 қылмыс ішкі істер министрлігінің үлесінде болған. Жалпы көлемі 12,7 тонна есірткі тәркіленген. Жеке айтар болсақ, героин – 33 кг, апиын – 68 кг, синтетикалық түрлері – 507 кг, гашиш – 705 кг, марихуана – 4 тоннадай тәркіленіп, 4 қылмыстық топтың белсенділігі тоқтатылып, 32 белсенді адам құрықталып, 13 адамға ауыр есірткі түрлері бойынша қылмыстық іс қозғалған. Осы айғақтардың өзі Қазақстанда есірткі таратушылар және оны өсірушілер жаңбырдан кейін қаулаған саңырауқұлақтай қаулап тұрғанын байқауға болады. Бұл әсіресе, жасөспірімдердің санасын улап, теріс жолға түсіп кетуіне аса қауіпті. Құқық қорғау органдары арнайы есірткімен күрес бөлімдері білек сыбана күресіп жатса да, бір басын шапсаң екінші, үшінші басы сопаң етіп шыға келетін жеті басты айдаһардай жұмырқталап жатқан есірткі қылмысын тежеу оңайға түсіп тұрмағанын аңғаруға болады. Бұндай ауыр қылмыстар қоғамдағы адамзат өміріне зор қауіп қана тудырып қоймай, мемлекеттің де өсіп-өркендеуіне үлкен кедергі жасайды. Мұны бір ғана құқық қорғау органдарына итеріп қоймай, мұнымен халық болып күресу қажет. Себеп, қазіргі үлкен қалаларда, түнгі клубтарда құмырсқадай өріп жүрген жастардың осы кесепатқа ұрынып қалмауын қадағалау аса қажет. Қадағаланып та жатыр. «Оң көзің, сол көзіңе қарауыл болсын» десек, есірткінің синтетикалық түрлерін сату белең алып бара жатқанын, берілген және қолға түскен күдіктілерден тәркіленіп алынған айғақтардан аңғаруға болады. Демек есірткіні саудалаушылар оған сұраныстың барын білгендіктен жеке пәтерлерін есірткі өнімін өндіретін лабораторияға айналдыруы да тегіннен-тегін емес-ті.

Тағы бір мысал, Жетісу облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері» «ДӘРМЕК» жедел-профилактикалық іс-шарасы кезінде аймақтағы ірі кәсіпорындардың біріне тексеру жасап, 20 тоннадан астам «күкірт қышқылын» сақтау тәртібінің

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

бұзылғанын анықтаған. Заң шеңберінен шығып кеткен кәсіпорын басшысына қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 427-бабы, 1-бөлімі бойынша әкімшілік хаттама толтырылған. Күкірт қышқылы да адам денсаулығына зиян. Ал оның есірткіге қаншалықта қатысы барын құзырлы орган өзі анықтай жатар. Алматы облысы бойынша сот жүйесінде қаралған қылмыстық көрсеткіштеріне зер салсақ, қылмыстық кодекстің 296-бабымен 71 тұлғаға қатысты іс қаралған. Оның 67-іне үкім шығарылған. Ал қылмыстық кодекстің 297-бабымен сотқа – 37 іс тіркеліп, 24-не үкім кесілген. Жетісу облысы бойынша 2022 жылы ҚР Қылмыстық Кодексінің 296-бабы бойынша 71 іс түсіп, оның 43-і үкім шығарумен аяқталды, ал 297-бап бойынша 35 іс түсіп, 19 іс бойынша үкім шығарылған. Осы көрсеткіштерге қарап-ақ, есірткі мен күрестің қай дәрежеде екенін аңғаруға болады. Өткен жылда тергеуден өтіп, сотта қаралған істерден бөлек ұзақ тергеуді қажет ететін мұндай ауыр қылмыстардың санын тізбелеп жатудың өзі артық. Мемлекет үшін де, қоғам үшін де аса қауіпті саналатын есірткі өнімін тамырынан қиып тастауда мүмкін болмай тұр. Өскелең ұрпақ үшін өмірде теріс қадам басып, есірткіге елтігендерді емдеп қатарға қосып жіберудің өзі бір бейнет. Қытайда өмірі күл-талқан болған Аққаркын Тұрлыбай атты қазақтың қызы есірткі тасымалы үшін жат елдің заңымен өмір бойы абақтыға тоғытылды. Оны арбап абақтыға түсуіне себепкер болған нигериялық азамат ұзақ мерзіммен кейін «Интерпол» арқылы табылды. Бірақ оны Қазақстанға экстрадициялау мүмкін болмай тұр. Міне танымайтын адамның сәлемдемесін алып, пайда таба қоямын деп алдауға, арбауға түскен қазақ қызының тағдыры. Ал осындай жолмен қаншама жастар бүлініп жатыр. Есірткінің бір рет дәмін татып, шырмауынан шыға алмай жүргендері қаншама. Жетісу облысы Полиция департаментінен 2022 жылдың қорытындысы бойынш облыс аумағында есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты 137 құқық бұзушылық тіркелген. Оның ішінде Қылмыстық кодексінің 297-бабының 1, 2, 3-бөліктерінде көзделген есірткі заттарын өткізудің 30 фактісі, 296-бабының 4-бөлігі бойынша аса ірі мөлшерде есірткі құралдарын сақтаудың 14 фактісі, 300-бабқа қатысты құрамында есірткі бар өсімдіктерді заңсыз өсірудің 8 фактісі, 296-бабының 1, 2, 3-бөліктерінде көзделген 81 есірткі әрекеті, заңсыз айналымнан барлығы 141 кг. 735,28 гм тәркіленген. Мәселен (2021ж – 14 кг. 543,16 гр.) әр түрлі есірткі құралдары, бұл өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 127 кг. 192,12 граммға көп. Атап айтсақ, «марихуана» – 124 кг. 886,15 грамм , «гашиш» – 10 кг. 482,18 грамм, «синтетикалық есірткілер» – 2 кг. 827,274 грамм.

Жетісу облысы бөлінгеннен бастап (20.07.2022 ж. бастап) 76 есірткі құқық бұзушылық тіркеліп, ҚК 297-бабы 1, 2, 3-бөлімдері бойынша есірткі өткізудің 14 фактісі, 296-бабының 4-бөлігі бойынша 8 факт (аса ірі мөлшерде сақтау), 300-бабы бойынша құрамында есірткі бар өсімдіктерді заңсыз өсірудің 5 фактісі, 299-бабы 1-1-бөлігі бойынша 1 фа кт (есірткі құралдарын насихаттау немесе заңсыз жарнамалау) 296-бабы 1, 2, 3-бөлігі бойынша 48 есірткі теріс қылық анықталған. Көрсетілген кезеңде заңсыз айналымнан 117 кг. 414,08 грамм есірткінің әртүрлі түрлері алынды, оның ішінде:

– «марихуана» – 102 кг. 971,18 грамм;

– «гашиш» – 8 кг. 356,37 грамм;

– «синтетика» – 2 кг. 473,33 грамм;

– «карасора тұқымдас өсімдік» – 3 кг. 613,2 грамм тәркіленген.

Бүгінгі таңда есірткінің заңсыз айналымына байланысты 9 құқық бұзушылық тіркеліп, ҚК 297-бабы 1, 2, 3-бөлігі бойынша өткізудің 3 фактісі, 296-бабы 4-бөлігі бойынша аса ірі мөлшерде сақтау фактісі, 296-бабы 1, 2, 3-бөлігі бойынша 5 есірткі қылмысы әшкереленіп, 19 кг. 246,40 грамм есірткінің әртүрлі түрлері, «марихуана» 17 кг. 946,78 грамм; «гашиш» – 217,59 грамм; «синтетика» – 82,54 грамм тәркіленген. Есірткімен күресіп жатқан полициялардың айтуынша, жалпы жедел-іздестіру іс-шараларымен қатар нашақорлықтың алдын алу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Профилактикалық іс-шараларды өткізудің жыл сайынғы жоспары жасалды.

Нашақорлық феноменіне теріс пікір қалыптастыру, жасөспірімдердің, жастардың және олардың ата-аналарының нашақорлық мәселелері бойынша оның ішінде жалпы білім беретін, орта және орта білім беретін дәріханалар мәселелері бойынша білімдерін арттыру мақсатында нарколог дәрігерлердің, СӨС орталығының, облыс әкімдігінің ішкі саясат басқармасының және басқа да үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен облыс ПД МКҚБ бірлесіп есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері облыстың жоғары оқу орындарында түсіндіру жұмыстарын жүргізудеміз дейді.

Қылмыстың ірі, ұсағы болмайды. Алайда есірткі қылмысының жоғарыдағы көрсеткіштеріне қарап, оның жылданжылға етек алып бара жатқаны көңілді алаңдатады. Адам жадын улап, ақыл-есінен тандыратын мұндай улы заттармен айналысып жүргендермен аяусыз күрес бір сәткеде тоқтамау керек.

Айтақын МҰХАМАДИ

БАСПАСӨЗ МӘЛИХАТЫ

БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕР, КЕЛЕШЕККЕ ЖОСПАР

Талдықорған – өркендеп, өсіп келетін болашағы жарқын қала. Қазіргі таңда облыс орталығында барлық бағытта жемісті жұмыстар атқарылуда. Қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігі, жетістігі мен межеленген міндеттері туралы өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Талдықорған қаласының әкімі Әсет Масабаев баян етті.

«Талдықорған қаласы: бағындырған белестер, келешекке жоспар» атты тақырыпта өткен кездесуде Әсет Дүйсебекұлы 2022 жылғы баспана, инженерлік инфрақұрылым, электр жүйелері, абаттандыру және жол жөндеу жұмыстары мен өзге де өзекті мәселелер бойынша атқарылған істердің нәтижелерімен таныстырып, алдағы жылы жүзеге асуы тиіс жоспарларымен бөлісті.

Алдымен ел көкейіндегі күрмеуі шешілмей келетін баспана мәселесіне тоқталды.

– *Бүгінгі күні облыс орталығында баспаналы боламын деп үміттенген 15 мыңға жуық адам пәтер кезегінде тұр. Баспаналы болуды армандап жүрген қала тұрғындарына көп ұзамай жаңа пәтерлердің кілтін табыстайтын боламыз. Нақтырақ айтсақ, осы жылдың маусым айында 1000-нан астам талдықорғандық баспаналы болады. Олардың жартысына жеке құрылыс компаниялары есебінен салынған 275 пәтерлі 6 көпқабатты тұрғын үй пәтерлерінің кілі табыс етіледі. Сондай-ақ ағымдағы жылы 9-шағын ауданда 218 пәтерлі 6 үйдің құрылысы басталып, Әлімжанов көшесіндегі 60 пәтерлі екі тұрғын үй қолданысқа беріледі,* – деген қала әкімі жаңа баспаналардағы жылыту жүйелері туралы да айтты.

–*Жылыту маусымы басталғалы жылу жүйелеріне қатысты көптеген арыз түсті. Оның басты себебі мердігерлер іске қосқан жылыту жүйелерінің жұмысының нашарлығы болып отыр. Мәселен, «Болашақ» шағын ауданының №12,13,14 тұрғын үйлерінің жылыту жүйелері бітелген, осы себептен жылу тоғызыншы қабаттан жоғары көтеріле алмаған. Дегенмен мәселеге қатысты барлық арыздар уақытылы қаралып, 23 көпқабатты үйде орын алған ақаулар жөнделді. Оған қоса «Бірлік» шағын ауданында іске қосылған екі тұрғын үйде қараша айында техникалық қабатта ыстық су краны істен шығып, 9 пәтерді су басты. Бұл ақауды мердігер компания кепілдік міндеттемесі есебінен өзі қалпына келтіріп, жөндеу жұмыстарын жүргізді. 2022 жылы қала бойынша құрылыс нормаларын бұзғаны үшін 3 мердігер компанияға 2,5 млн. теңге қаражат көлемінде әкімшілік салық салынып, «Лидер НК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі лицензиясынан біржола айырылды,* – деді шаһар басшысы. Әкім сөзінше, қалада көгілдір отынға қосылу жұмыстары да қауырт жүргізілуде. 2023 жылдың аяғына дейін 69,3 шақырым газ құбыры тартылып, қала маңындағы саяжайлар да көгілдір отынмен қамтамасыз етілмек. 2022 жылдың қыркүйегінде басталған Үйтас саяжайына газ құбырларын тарту жұмыстары биыл аяқталып, екі мыңнан астам тұрғын көгілдір отынға қол жеткізеді. Сонымен қатар наурыз айында 8-шағын аудандағы газ құбырын тарту жұмыстары аяқталып, 16 тұрғын үй көгілдір отынға қосылуға мүмкіндік алады. Дей тұрғанмен қалада әлі күнге дейін көгілдір отынмен қамтылмаған 4 мыңға жуық тұрғын үй секторлары бар. Атап айтсақ, Қаратал, Қызылтас, Мерекелік, Балықты, Сарыбұлақ, Алмалы, Ащыбұлақ, 1-бөлім саяжай қауымдастықтары. Бұл учаскелерге газ тарту бойынша жобалау жұмыстары биыл басталады. Сонымен қатар қала әкімі өңірдегі көгілдір отынға қосылу құнының қымбаттағанына шағымданған халықтың талап тілектері қаралып, газ қосу жұмыстарын қолжетімді ету үшін «Жетісу Газ Сервис» КММ мен арнайы келісімшартқа отыру жұмыстары атқарылып жатқанын да айтып өтті.

Тағы бір аса маңызды мәселе – халықтың таза ауыз сумен қамтылуы. Ағымдағы жылы қала бойынша 85,2 км сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу жоспарланған. Қала әкімінің айтуынша өткен жылы Ащыбұлақ саяжайында сумен жабдықтау желілерін жұмысы толығымен аяқталып, 700-ге жуық тұрғын таза сумен қамтамасыз етілген. Биыл жоба бойынша 141 көшеде ұзындығы 71 км су және кәріз желілері салынып, Ұлан әскери қалашығында, Жастар1 және Еркін ауылында реконструкциялау жұмыстары қолға алынбақ. Сонымен қатар, наурыз айында Қызыл тас және Қаратал саяжайының 6 мыңға жуық тұрғыны таза ауыз суға қол жеткізбек.

Жиында талай жыл шешімін таппай келетін жол мәселесі де айтылды. Биылғы жылы Талдықорған жолдарының 82 пайызы қанағаттанарлық жағдайға жеткен. 2022 жылы облыс орталығының 45,4 шақырымы жөнделіп, қаланың 20 көшесінде 10,5 км жаңа жол салынған. Дегенмен қала әкімі кейбір мердігер ұйымдардың жұмысқа салғырт қарағандарының кесірінен жоспардан артта қалушылықтың бар екендігінде жасырмады.

Баяндамада белгілі болғанындай, көлік жүргізушілерінің жол ережелерін сақтауын қамтамасыз етіп, жолдағы қауіпсіздік мәселесін қадағалауда 5 көшеде: Балпық би – Жансүгіров, Үштөбе тас жолының Батыс бөлігі мен Алматы тас жолына шыға берісте, Жансүгіров көшесіндегі Политехникалық колледж жанында және Біржан сал мен Гаухар ана көшелерінің қиылыстарында «Сергек» бейнебақылау камералары орнатылған. Биыл арнайы құрылған комиссия мүшелері жол-көлік оқиғаларының жиі тіркелетінін алдыға тартып, қауіпті жол учаскелеріне қосымша 30 «Сергек» камерасын,100 жалпы бақылау камераларын және 25 жылдамдықты қадағалауға арналған бейнекамералар орнату керек деп шешіпті.

Сонымен қатар қала әкімі коммерциялық мақсаттағы пайдаланылмаға жерлер туралы да айтты. Оның сөзінше, қаланың оңтүстік-батыс бөлігінде 1997-2021 жылдар аралығында қолданысқа беріліп, игерілмеген 110 жер телімі анықталған. Мұндай заң бұзушылықтарға қатысты тиісті шара қабылдауда ақпаратты облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолдаған. Алдағы уақытта меншік мемлекетке қайтарылса, бос жерлерді тиімді пайдалану үшін дайын жобалардың да бар екені тілге тиек етілді.

Журналистермен кездесуде Әсет Масабаев қаланың абаттандыру жұмысы туралы да айтты.

– *Қаладағы барлық саябақ пен скверлерде автоматты суару жүйесі мен воркаут аймағын салу, орындықтар мен маф орнату, жасыл желектерді отырғызу жұмыстары қарастырылды. Сондай-ақ, ауылдық округтер де назардан тыс қалмайды. Жыл соңына дейін Еңбек ауылында шағын футбол алаңы мен балалар алаңқайы салынады. Ал, Өтенай ауылында жұмыс істеп тұрған шағын футбол алаңына жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жастар-2 шағын ауданында 330 шаршы метр аумақты құрайтын 380 орындық жаңа мешіт салынады. Облыс орталығында 1,3 гектар аумақты құрайтын Мұз алаңының құрылысы басталып, жоспарға сәйкес 2023 жылдың шілде айында аяқталады. Одан бөлек, Волейбол кешенінің құрылысының жобасы жасалуда. Кешен 6-шағын ауданда 1,2 гектар аумақ жерді қамтымақ,* - деді ол.

Сонымен қатар «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында қалада 4 жаңа мектеп құрылысы жоспарланған, олар Жастар-2 шағын ауданы, Көктал, Батыс шағын ауданы мен қаланың Шығыс бөлігінде орналасады. Жаңа мектептердің құрылысы қаланың өзге мектептерінің жүктемесін азайтып, оқушыларға сапалы білім алуға мүмкіндік беруге бағытталады.

Сөз соңында қала әкімі облыс орталығы Талдықорған қаласының өсіп-өркендеуі үшін барлық бағытта жұмыс жасалып, олқылықтардың алдын алатынын айтты.

А. МОЛДАЛІМ.

Дүйсенбі - Понедельник, 30 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10 «Көңіл толқыны»
14.10 «Қызық екен»
15.10 «Апта»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
19.00 «Махаббат тұтқыны»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 «Сезім толқыны»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 Мультфильм
12.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 «Пуля»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 «Барыс Generanion»
23.00Сериал«Бархатный сезон»

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
12.00,01.00 «Айнұрдың арманы»
13.30 «Көру керек!»
14.40, 01.00 «Практика»
17.00 «Қағаз кеме»
18.00 «Кішкентай келін»
19.00, 23.50 «Позднее раскаяние»
20.00 «Astana Times»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.50 «Прошлому меня не сломить»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент 2»
00.45 «Диверсант»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

07.00 «КТК» қоржынынан
07.25 «Дау-дамайсыз»
08.00 «Ф.И.Л.И.Н»
09.30 «Корзина для счастья»
13.20 «След тигра»
15.10, 01.20 «Наследники»
17.00, 02.10 «Бақытты ақсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «По праву любви»
23.30 «Пёс-6»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 «Әдебиет пен адамзат»
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Ел қамы»
13.30 «Қазақ үні»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.25 «Жүрек сөзі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.25 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00, 05.00 «Ризамын»
08.00, 01.40, 04.30 What s upp?
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50, 23.30 «31 әзіл»
11.30 «Женатики»
12.30 Мультфильм
13.40 Кино «Случайный шпион»
15.40 Кино «Рокки-2»
17.50 «Спасатели малибу»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.55 «По долгу службы»
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.40,23.20 Т/х «Тек қана қыздар»
07.40, 12.40 Т/х «Изоляция»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Доктор Надежда»
10.00 «Смеяться разрешается»
12.10 Скетчком «Q-елі»
13.10, 22.20 «Шабдалы 18»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.00 «Провинциал»
19.00 «А у нас во дворе»
21.00 «Сержан братан»
00.20 «Полицейский с рублевки»
02.20 Жайдарман
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 31 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Сезім толқыны»
14.10 «Қызық екен»
15.00 «Тіршілік»
15.30 «Шаңырақ»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.00 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.00 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 Мультфильм
12.00, 20.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал«Сезон дождей»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 «Барыс Generanion»
22.45 «Такая, как все»

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
12.00,01.00 «Айнұрдың арманы»
13.30 «Көру керек!»
14.40, 01.00 «Практика»
17.00 «Қағаз кеме»
18.00 «Кішкентай келін»
19.00, 23.50 «Позднее раскаяние»
20.00 «Astana Times»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 «Мужское/женское»
12.20 «Красавица»
13.15 «Татьянин день»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент 2»
00.45 «Диверсант»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

07.00 «КТК» қоржынынан
07.25 «Дау-дамайсыз»
08.00 «Ф.И.Л.И.Н»
09.30 «Корзина для счастья»
13.20 «След тигра»
15.10, 01.20 «Наследники»
17.00, 02.10 «Бақытты ақсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «По праву любви»
23.30 «Пёс-6»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы области)
10.30 Новости (Жетісу области)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Жанашыр»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «AgroLife»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Дәрігер кеңесі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «ЖасLife»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00, 05.00 «Ризамын»
08.00, 01.40, 04.30 What s upp?
08.30, 01.40 Сериал «Дар небес. 14 дней»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50, 23.30 «31 әзіл»
11.30 «Женатики»
12.30 Мультфильм
13.40 Кино «Рокки-2»
15.40 Кино «По долгу службы»
17.30 «Легенда зорро»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.40 «16 кварталов»
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.40,23.20 Т/х «Тек қана қыздар»
07.40, 12.40 Т/х «Изоляция»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Доктор Надежда»
10.00 «Смеяться разрешается»
12.10 Скетчком «Q-елі»
13.10, 22.20 «Шабдалы 18»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.00 «Провинциал»
19.00 «А у нас во дворе»
21.00 «Сержан братан»
00.20 «Полицейский с рублевки»
02.20 Жайдарман
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 1 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Сезім толқыны»
14.10 «Қызық екен»
15.00 «Тіршілік»
15.30 «Шаңырақ»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.00 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.00 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 Мультфильм
12.00, 20.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал«Сезон дождей»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 «Барыс Generanion»
22.45 «Такая, как все»

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
12.00,01.00 «Айнұрдың арманы»
13.30 «Көру керек!»
14.40, 01.00 «Практика»
17.00 «Қағаз кеме»
18.00 «Кішкентай келін»
19.00, 23.50 «Позднее раскаяние»
20.00 «Astana Times»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 «Мужское/женское»
12.20 «Красавица»
13.15 «Татьянин день»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент 2»
00.45 «Диверсант»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК

07.00 «КТК» қоржынынан
07.25 «Дау-дамайсыз»
08.00 «Ф.И.Л.И.Н»
09.30 «Корзина для счастья»
13.20 «След тигра»
15.10, 01.20 «Наследники»
17.00, 02.10 «Бақытты ақсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «По праву любви»
23.30 «Пёс-6»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы области)
10.30 Новости (Жетісу области)
11.00 «Өзекті»
11.30 «ЖасLife»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сегодня» (Қонаев)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Ділмар»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Құпия құжат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00, 05.00 «Ризамын»
08.00, 01.40, 04.30 What s upp?
08.30 «Тайная любовь»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50, 23.30 «31 әзіл»
11.30 «Женатики»
12.30 Мультфильм
14.00 Кино «Легенда Зорро»
16.30 Кино «16 кварталов»
18.20 «Легенда о красном драконе»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.40 «Экипаж»
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.40,23.20 Т/х «Тек қана қыздар»
07.40, 12.40 Т/х «Изоляция»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Доктор Надежда»
10.00 «Смеяться разрешается»
12.10 Скетчком «Q-елі»
13.10, 22.20 «Шабдалы 18»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.00 «Провинциал»
19.00 «А у нас во дворе»
21.00 «Сержан братан»
00.20 «Полицейский с рублевки»
02.20 Жайдарман
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САҒЫНЫШ

ЖАНДАРБЕК жайлы бір үзік сыр

Өмірдегі ең ауыр нәрсе – дүниеден өткендер жайлы естелік айту. Бұл жүректегі беріштеніп кеткен жараның аузын қайта тырнап, қанатқанмен бірдей. Орны толмас ойсырап тұрған, көзден кетіп, есімі мен бейнесі көңілінде қалған адамның рухымен тілдесскеннен басқа амал жоқ. Қолдан келер қайран да жоқ. «Досыңды көрсетші, сенің кім екеніңді айтып берейін» деген тәмсіл бар ғой. Досыңды көрсетші дегенде ұялмай, айбаттанып, міне деп көрсететін достың нағыз досы, ол – Жандарбек Бегімбетов еді.

Аузын ашса жүрегі көрінетін, бір бойында сегіз өнер тоғысқан Жандарбекпен Қызылорда облысында комсомолдың 70-жылдығына арналған республикалық айтыста таныстым. Бұл 1987-ші жыл еді. Қияқ мұртты, қара торы, маңдайы жарқыраған 25 жасар алаулап-жалаулап, шоқтай жанып тұрған кезі еді. Мен семейлік Дәмеш Омарбаевамен айтысып, быт-шыт болып жеңіліп, салым суға кетіп тұрғанмын. Қасыма келіп: *«Жасыма бауырым, менде жаркенттік болам. Қай елсің?»* деп руымды сұрады. Мырзагелдімін деп едім, екі саусағымен мұртын басып, езуін тартып жымиып, *«Мырзагелдіден ұл туса, ағашқа күн туады» деген аталы сөз бар, менде мырзагелдімін, келші бауырым, құшағыма басайын»* деп бауырына басты. Ол кезде Жандарбек Тараздағы Гидромелиорация-құрылыс институтында оқитын. Айтыс бағдарламасы бойынша терме айтуға барыпты. Мені жұбатып тұрғанда сахнаға шығатын кезегі келіп, Кенен Әзірбаевтың «Баста өлең» толғауын орындады. Зал іші сілтідей тынды, толғау аяқталғанда Жандарбектің орындау шеберлігіне тамсанған жұрт ұзақ қол шапалақтады. Екінші мәрте шығып, көрерменге басын иезп сахнадан шығып кетті. Екі терме орындауға қазылар құрамы рұқсат бермеді, ереже бойынша қойылған талап бар. Қайта оралып менің қасыма келген соң *«Араласып тұрайық, биыл оқуымды тәмамдап елге ораламын»* деді.

Айтқандай шілде айының аяғына таман ол мен тұратын Үшарал ауылына іздеп келді. Содан бастап екеуміз тонның ішкі бауындай араластық. Аудан прокуроры Жандарбектің нағашысы Мақсұт Қалдыбаевпен Октябрдің 40-жылдығы колхозының парторгы болған марқұм Наби Сарпеков қайда барса да, Жандарбек екеумізді бірге алып жүрді. Мен қоныс аударып, көрші Айдарлы ауылына ауысқанда да жұбайы Майраны ертіп, кішкентайы Олжасты көтеріп, жаңа қонысыма құтты болсын айтып келді. Жұбайым қазан көтеріп, көрші қолаң жиналып қалды. Үшарал ауылына күйеу бала болған менімен бірге жаңа үй алған Нәбижан деген көршім бар еді. Оның кішкентай екі қызы болған. Жандарбек балажан екен, әлгі екеуін ойнатып жүрген, бір қарасам 20 теңгені тасқа балғамен соғып жатыр. Ей, мұны не істейсің десем: *«Нәбижан мен Ақшекерге құда боламын. Олжасым ержеткенде екі қыздың бірін аламы деп серттесемін. Сен куә боласың»* деді. Нәбижан мен Ақшекер мәз *«Боптыбопты, әлден қалың малын төлей бер, 20 тиынды жапсырып жоқ болып кетпей»* деді Ақшекер. Сол күні бір тамаша отырыс болды, ән-жыр айтылды. Жандарбектің әншілігіне тамсанған көршілер кешкі ақшам түскенде қимай қоштасты. Араға бір жыл салып мен Талдықорған қаласына қоныс аударатын болдым. Жаңа құрылған «Қазақ тілі қоғамына» шақырту алдым. Баспана берілетін болды. Уақытша «Талдықорған» қонақ үйінің 527-ші бөлмесінде тұрып жаттым. Негізі ол орталыққа Жандарбек шақырылған болатын. Ол *«Дипломды жаңа алдым, әке-шешеме жемісін жегізейін, қастарында болайын. Айтақын барсын»* деп бас тартты. Жандарбектің ұсынысы қабыл болып, мен қалалық болып шыға келдім. Бір күні қонақ үйдің есігін біреу тықылдатады. Ашсам Жандарбек жымиып, мұртын басып тұр. *«Мен келдім. Осында Мақпал Жүнісова гастрольде жүр, соған қызмет жасап жүрмін»* деп мәзмәйрам. У-шудан бөліп алдым, екеуміз бөлмеде сырластық. Есік жаққа еленден, «Айтеке, Мақпал, Мақпал» деп тамсанып қояды. Сол жолы Дәнеш Рақышевтың Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Сағындым ғой» және Қазақстанның Халық әртісі Алмахан Кенжебекова әнін шығарған «Сахараның шұбырған түйелері» әнін тамсанып, ерекше сезімге бөленіп орындады. Бұл әндер ол кезде көп орындала қоймайтын. *«Ән деп осыны айт. Сөзі қандай! Ән мен сөз қалай үйлесіп тұр»* деп толқыды. Жүр онда, Алмахан тәте мен Кендебайға сәлем беріп, әнді өзінің аузынан бір естик деп сүйрелей жөнелдім. Қуанып кетті. Барсақ Алмахан тәте де, Кендекең де үйде екен. Мәре-сәре болып, сол бір кеш ән кешіне ұласып кетті. Әсілі, Жандарбек серілігі сегіз атаңға жүк болатын, әншілігі аста-төк, ақындығы асқақ, сазгерлігі үйлескен бір бойына бірнеше өнерді тоғыстырған жігіт еді. Оның әртістік қабілеті де бар-тын. Шалдың даусына салып, образға кіріп, жылағанды күлдіріп, күліп отырғанды жылатып қоятын. Ол дәуірдің бесаспап асабасы болды. Қолдан-қолға тұрмайтын. Екеуміз той басқарып, Жаркент пен Талдықорған аймағында бармаған жеріміз қалмады.

Әттең кісі қолынан ажал құшты. Егер тірі болғанда бүгінде ол кемеліне келген айтыстың ақтангері, әншінің ардагері, сазгердің саңлағы болар еді. Енді жасырмай айта берсем болатын шығар. Жұбайы Майра да, анасы да ренжімейтін шығар.

Бір күні сары жигулиіне мініп алыпты, маған келіп тұр. Қасында көзі ботадай, бұрымы беліне түскен, сары алтындай әдемі қыз бар. Өмір ғой. Алдағыны кім болжапты. Ойда-жоқта 1990 жылы қыркүйек айында Жандарбек кісі қолынан қаза тапты деген суық хабар келді. Төбемнен жай түскендей есеңгіреп қалдым. Бақилық болардың алдында ғана бір апта бұрын келіп кеткенді. Жайраңдап жан-жағына шуағын шашып жүрген досымнан аяқасты айырылып қалдым. Әзекті өртейтін бір өкініш, Жандарбектің өмірін қиған қылмыскер ізін суытып кетті. Күні бүгінге дейін табылмады. Енді табылмайтыны айдан анық.

Жеке отау болып колхоз бастығы Н. Головацкий берген сегіз бөлмелі үйде аңырап, бір баласымен Майра қалды. Әке-шешесі қайғыдан қан жұтты. Әсіресе, Шәкен тәте Жандарбек деп егілгенде, етегі жасқа толды, көз жасы құрғамады. «Балапандарымның ішіндегі ерегі осы – Жандарым еді ғой» дегенде жанын қоярға жер таппады. Амал қанша. Тірі адам тіршілігін жасайды. Араға жылдар салып жұбайы Майра қоныс аударып, төркіні Жамбылға көшті. Хабарласып тұрдық. Жамбылға іздеп барған күнімізде болды. Жалғыз ұлы Олжас ер жетті, азамат болды. Ат жалын тартып мінді. Жұбайы Майра Жандарбекке деген адал сезімін өшірмеді. Қайта тұрмыс құрмады. Жатса, тұрса Олжасының тілеуін тіледі. Бүгінде немере сүйіп, өсіп-өніп отыр. Жандарбек өмірден озғанда менің және ақын Жапар Ақылбековтің де жұбайының аяғы ауыр болды. Достығымыздың айғағы болсын, кімнің әйелі бірінші ұл табады, соның атын «Жандарбек» қоялық деп келістік. Алайда Жапардың әйелі бірінші босанып ұл тапты. Есімін қояр кезде берген уәдесінен тайқыды. *«Енем жас өлім сәбидің болашағына кедергі болады деп айтты»* деді. Үндемедім, уәде берген өзі...

Енді кезек менікі. Араға ұмытпасам үш-төрт ай салып, менің жұбайым ұл босанды. Салмағы бес келіге жуық болды. Бүкіл аурухана шулап кетті. Жолдасыма да, ауылдағы үй ішіме де айтпай, туу туралы куәлікке Жандарбек деп жаздырып перзентханаға бардым. Әйел үндемей жылады. «Берген де Құдай, алатын да Құдай. Ғұмырлы болсын, Жандарбек досым жетпеген мақсатқа осы баламыз жетсін» деп жұбаттым. Алла тілегімді қабыл етті. Айтыс аламанында Жандарбектің есімі аталған сайын досым Жандарбектің рухы асқақтайды. Алла әлі де баламды тілкөзден сақтап, денсаулығын зор етіп, абыройын арттыра бергей деп жатсам-тұрсам Құдайдан сұраймын.

Ақынның ел-жұрты ақпан айының 18-і күні Панфилов ауданында Жандарбек Бегімбетовті еске алып, 60 жылдығына орай аламан айтыс өткізбек. Абайдың сөзімен айтқанда «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген өсиетін өнеге тұтқан жазиралы Жаркент өңірінің әкімі Марат Сағымбаевқа, осы айтысқа демеушілік танытып жатқан азаматтарға Алланың нұры жаусын.

Айтақын МҰХАМАДИ

ОҚУШЫ ОЙЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ

ҚАСІРЕТПЕН КЕЛГЕН ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАДІРІ ҚАЛДЫ МА? БҰЛ САУАЛ ОЙЛАНҒАН АДАМҒА ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ ЕКЕНІ СӨЗСІЗ. ТАРИХЫМЫЗ ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН ЕЛ БОЛСАҚТА ҚАЙ КЕЗЕҢНІҢ БОЛМАСЫН ҚАЙҒЫСЫМЕН ТАНЫСПЫЗ. ЕГЕМЕНДІГІМІЗГЕ ЖЕТПЕК ҮШІН ЕЛІМІЗДІҢ ТӨГІЛГЕН ҚАНЫ МЕН КӨРГЕН ҚАСІРЕТІН ҰМЫТУ ТІПТЕН МҮМКІН ЕМЕС.

Қазіргі халқымыздың бейбіт өмірі сол кездегі қарткөрінің, ұл мен қыздың, жастардың өлімдерімен келгенін ойлағанда әркімнің көзіне еріксіз жас келеді. Оны қоя бергенде, сол сұм дәуірдің сұрланған тағдырына қарсы тұрған бейкүнә қарапайым халық ғұмыры ше?! Олардың көрген қиыншылықтарын аз деуге келе ме?! Баласының қазасына куә болған қанша ананың жүрегі қан жылады. Әке-сін жоқтап, қанша жетім жанарлар жасқа толды.

Біз – жастар халқымыз көрген осы қиындықтардың орнын еселеп толтыруға міндеттіміз. Себебі сол судай аққан қан мен төгілген тер, тапталған үміт, ұл-қыздарымыздың көз жасы еліміздің болашағы үшін еді... Ал сол ұрпақ ата-баба аманатын адал атқарып жүр ме?! Ең өкіністісі осы, мұны сезінер түйсік әркімнен табыла бермейді. Бүгінгі күн жастарының мына бейбіт күнге деген қанағат-құрметтері жоқ екендігін аға-апаларымыз жиі тілге тиек етеді. Кейбір имансыз қыз-жігіттерімізді көргенде расымен тәуелсіздік бейнесі осы ма деп қалың ойға шомасың. Қазақ деген текті халықтың ұрпағымыз деп мақтанышпен айтып жүргендер қаншама. Алайда бұрынғы халқымыздың тағдырына тоқталып, өткеніміздің ержүрек батырларын үлгі етер, сол тектілікті дәріптер жандар аз.

Жастардан талап етілер маңызды еш нәрсе жоқ. Тек бос ермекке уақыт құртып, мағынасыз, қажетсіз бағдарламаларға әуестеніп, намыссыз ер азаматтарға, ар ұяттан безінер қыздарға еліктемесе екен, туған тіліміздің тұғырын түсірмесе екен деген халық тілегін жерге қалдырмау керек.

Мен ешкімге мін тақпаймын. Айтқым келетіні, тәуелсіз еліміздің абыройын асқақтатар, еліміздің атын биіктерден шырқатар ұрпақ болуымыз керек.

Жалын СЕЙДІҒАЛЫМОВА,
Жанама қазақ орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар КММ-нің 11-сынып оқушысы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Әршакие

Шен-шекпеніңізді шешесінен әкім боп туған деп, кекеткісі келетіндер бар. Сөйтерліктей себептер де аз емес. Әкімдік жүйеңіз жиырмасыншы ғасырыңыздың тоқсан екінші жылында екпіндей енді ғой. Мінекейіңіз, содан бермен қарата Ақтүбек ауданында үш адам ғана кезек-кезек тағайындалады. Қайта-қайта қойылады. Әкімдікке.

Әсіресе Шеншекпеніңіз хақындағы әңгімелер көбірек. Әуелгіде екі жылға жетер-жетпес істеген. Содан соң алысырақтағы ауданға ауыстырылған. Үш күз өткенде кері оралған. Ақтүбегіңіздің төрт қысын артқа тастап, көктем шыға бизнесіне кеткен. Аралықтарда анау екеуі бір-бір мәртеден бе, әлде екі-екі реттен бе, атқарысты-ау. Ауданның әкімдігін. Үшеудің қайсысы қанша жыл басшы болғанын, оралып қайта, айналып тағы Ақтүбегіңізге жетекшілік жасағанын дөп басып, түгендеп бере салатындар жоқ. Жұртыңыз жадынан жаңылыңқырады.

Кейінгі кездеріңізде тағы да Шеншекпен ұршықша үйіріп отырыпты. Ақтүбегіңізді. Шеншекпен атанғалы қашан.

Ойланады. Оқтын-оқтын. Күрсінеді. Кей-кейде.

Өзі жөнінде өсек-аяңның өршіп-өршіп барып басылатынын біледі. Білгенде қандай. Жалпы, қазекең қызық қой. Әкім-қараларыңызды, бар-барша басшыларды сырттарынан сан-саққа жүгіртеді. Быксыққа батырып, ғайбатқа тұншықтырып тастайды. Шенеуніктер деп, ерін шүршитіп, мұрын шүйіреді. Шекелері шибарқыттанып, құлақтары қайшыланады.

Ал енді сондай-сондайларыңыз кенет әкімдерді көрсе, осы Шеншекпендей басшыларды байқаса, деп-демде басқашаланып шыға келеді. Көпшілігі ләп-пайлыпыл күйге түлкідейін аунап түсер. Қол алып қалмаққа қапылар. Жыл-маң жылпыл жиілер. Сүрініпқабынар.

Байқайды. Бақылайды. Бұл-дағы. Әншейінде әкімдеріңізді ғана емес, ірілі-майдалы шенеунік атаулыны, билік бунақтарында жүргендердің бәрін жек көретіндей кергіп, мінеп сөйлегендерімен, бәрібір, басым бөлігі бала-шағаларының, немере-шөберелерінің шенеунік болғанын шеккі санамайды. Армандайды-ау қайта. Баталары мен тілектеріне әкім болмақты һәм қосып жіберетіндер жетіп артылар.

Осылайша ойланып жатып, кірпік іліндіре алмады. Ұйқысы қашып жөнелген. Теледидарды қосқан. Таныс саясаткеріңіз сайрап тұрыпты. Сайлауыңыз бар. Тағайындауыңыз бар. Сайлау дейтін дүниеңіздің өркениетті жақтары жеткілікті. Алайда, алашыңыздың тағдыры тұрғысынан талдағанда, қызық та қиын халық санатындағы қазекең қамынан қарастырғанда, қандай сайлауыңыз болсадағы, жағымсыз жақтары, зиянды зардаптары басымырақ. Ағай-е-е-ен. Кеселдерді қоздырар.

Жүйкелерді тоздырар. Тайпашылдық-тайпалмашылдық тайраңдар. Рушылдық-бұрушылдық сайрандар. Жүйріктердіжығылтып, саңлақтардысүрінтіп, жабыларды оздырар. Кезеңдері кездесер. Сонда-дағы, сайлаудан асқан айланы, сайлаудан әділ әдісті, сайлаудан гөрі жетілген, «жеті өлшеп, бір кесілген» тәсілді таба алмай отыр адамзат. Адами заттың баласы, нешеме ойшыл данасы сайлауға ғана жүгінер. Әзірше солай, ағай-е-ен… Деп барып, әзер кідірген. Көсем де шешен тұлғаңыз. Қазекең үшін қазірше әкімдерді сайлағаныңыз емес, тағайындағаныңыз жарасар. Біз жүргізген әлеуметтік зерттеулердің барлығы тек тағайындау жағында. Тек тағайындау! Деп, үстемелей түйіндеп, сөзін тауыс-тәмам еткен. Сұңғыла саясаткеріңіз.

Аунап түсті. Аудан әкімі. Шеншекпеніңіз. Әйелінен төсек ажыратқалы бірер жыл боп қалды-ау. Үңіледі. Аңылады. Ақтүбекті айналшықтап жүре бермек пе? Уа-а-а-ау…

Әрекет керек. Өздері де білер. Сезер. Дейтін. Бұл. Өздігінен өңмеңдемейтіні рас. Шатасып, шалыс басқаннан жаман не бар. Сақтанады. Әкім ұғымының өзі, шынтуайтында, билеп-төстеуші дегенді білдіреді. Ақтүбекті үшінші мәрте билеп отырыпты. Төстеп келе жатыпты. Әлдебіреулердің әкімдік қызметті сыңаржақ сезінбекке жол бермеді. Аудан-аймақ жұртының айрықшалығына, ақсақал-қарасақалдарының ауанына, жастарының сыңайына дейін сезгірлік пен құлақ қоймақтан қайтпас. Әккілікті әбден-ақ сүйексінді еткен. Көршілес әкімдердің бір-екеуі мансаптарының буына мастанды. Қара бұқараны менсінбеді. Қоғамдық пікір дейтұғын құбылыстың қауіпті жақтарын елемеді. Сауналық сипаттардағы сауыққұмарлыққа көрбілтеленіп көмілді.

Күйреп тынды.

Бұл елікпеді. Ермеді. Желіккенін жасырын жүзеледі. Айналасын абайлады. Командалық әдісіңіздің өзін әккілікпен әдіптей білді. Жымдарынан дым сездірмеді. Алыстан айнала орағытып барып, алдындағыны болжап барып әрекеттенер әдет-әдісінен танбады. Алдына келгендердің арқасынан қақты. Жылы сөзбен жұбатып бақты. Алдапсулап, ара-арасында сұрағандарының бірazын бермектің де жолдарын тапты. Кейде өзіне-өзі қайран қалып, екі иығына кезек-кезек тіпә-тіпәлар еді. Әрине, әкімдігін әрлейтін, демейтін де жебейтін өзгеше өрістеп кеткен өзінің өнікті бизнесі ғой.

Уау-у-у. Уау-у-у-у. Деді. Шеншекпеніңіз. Ыңырсуы ма, әлде есінеуі ме, ажы-рата алмады.

Әкімдік жүйелеріңіздің жықпыл-жықпылдарында жымысқылар ғана жолбарыстарша жортар. Талай-талай буындар мен бунақтарыңыз да өздеріне өлердей берілгендер мен астау-арандардың асау тасқынды ағындарына науадайын құйып тұрар құлқындыларыңызды ғана ескеріп-елейтін, өрмеле-тіп-өсіретін дертіңіздің дендегені рас. Құйыл-төгіліңіздің қат-қабат қатпарларын шебер меңгергелі қаш-шаша-ан. Бәрін біледі. Терең түсінеді. Ал енді …

Төсегінен ыршып тұрды. Терезеге таяп барып, тау сұлбаларына тесіле үңілді. Ақтүбек қарауыта көлбеп көрінді. Арғы жағындағы ай жарығы жарытымсыздау сияқты.

Қаш-ша-а-ан… Қаш-шан-ғы-ы-ы… Деп тістерін шықырлатты.

Ең-ең сенімді, ең-ең ерекше Майталман-Майдангерінің, бас қолдаушысының көзқарасы өзгермес. Өле-өлгенше өзгере қоймас. Оған сенеді. Бірақ басқалар да бар ғой. Майталман-Майдангерінің, бас қолдаушысының басқаланбасын біледі. Бұл. Ал оның айналасындағылар ше? Төңірегіндегілер ше? Жоғарылы-төменді жылмаң-жалмаңдар ше? Олар Ақтүбекті айналшықтап, ширек ғасырға жуық уақыттан бері жергілікті жерде жүрген Шеншекпеніңізді ғана ойлайды, күні-түні күйттейді деп кім айтты? Кім айтты саған?

Терезенің оң жақтауын айқара ашты. Деп-демде демі тарыла тұншыққан еді. Ақтүбектің асуы тұстан салқын самал саулады.

Ендігі екі-үш көктемнен кейін кешігер. Шау тартары тағы бар. Майталман-Майдангері мен оның командасы бүкіл байтағыңыз бойынша болмасадағы, жартысына жуығында жүйелі жұмыс жасап-ақ жатыпты. Тамырлары тереңдерге таралған. Тарамданған. Жуық жылдарыңызда жүдеңкі тартпас.

Тарамыстана түсер.

Ақтүбектің бүгіндегі бір жұлдыз жымындағандай. Арғы беттегі көрінбейтін айыңызбен тілдескендей. Сезілді. Кенеркөк кенет сәулеленіп кеткендей.

Иә-иә. Уа-уау-у-у… Шеншекпеніңіз, яки Астанаңыздан алысырақтағы біршама аудандарыңыз бен бірқатар қалаларыңыздың, бірер уәлаятыңыздың басынан табандары таймас тұрақтыларыңыз – Майдангер-Майталманның және оның жүргізер жүйежүлгелерінің жауынгерлері. Қоржын-қосқаландарын нығайтар қаржы-қаражат қалталары. Ақтүбек секілді шет-шелшеңдеу аймақтардың тілімен бәдіздесеңіз, наубайхана-нанханалары.

Тоңазытқыштың есігін шәліркей тартты. Мұздай сусынды ұзақ сімірді. Ішіндегі лапыл шашқан ыссы леп басылмады бәрібір. Күйдіре, күйіндіре түсті. Төсегіне қайта көмілген. Сәуірдің басында сай-салалардан сызашақтанар сансыз жылғалардан жылап аққандай сан-сапалақ ойлар құйылады-ай кептеп. Бурылдана бастаған бас шіркінге. Уа-уау-у-у…

Басқалардың да жүлге-жүйелері, тарам-тарам тырмысар тегершіктері, өзгелердің де Майдангерлері мен Майталмандары, қолдаушылары бар. Өсіргіштері мен өшіргіштері жетеді. Жылмаң-жалмаңдары қаншама?! Десеңізші. Бәрі өжеңдер. Өршеленер. Өзара да, өзгелермен де қырқысар. Қырылысып та қалар. Құбылыстар – қатпарлы. Қиындықтар қат-қабат. Ешкімді ешкім аямас. Өрелеріңіз өзгерген. Өсетіндердің өшіп, өшіккендердің өсіп кететіні осындай-ос-

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ындайлардан. Сондай-сондайлардан. Қаржылық қалталардың қабынуы һәм қатерлі. Тайқымаңдай тақырдан, тақылтұқыл қоғамнан шыққандар үшін. Белгілі бәрі. Өзі ше? Өстіп жүре бере ме? Өсе ме? Өше ме, әлде? Уа-уау-у-у-у…

Қайтадан тұрып отырды. Төсегінің жиегіне. Майталман - Майдангерінің қоржынын, ең-ең етенелерінің қос қаландарын қалыңдатпақтан қайтқан жері жоқ қой. Жо-о-оқ! Қаш-шан-ғы-ы-ы… Жо-жоқ! Қайтпас та, қашпас та. Қалған кадрлар қарап жатпас. Қарап жатыпты деп кім айтты саған? Кім айтты? Әрекет керек-дүр!

Таңғы сағат төртте шұғыл шешімге келді. Ет пісірімде Ақтүбек асуының жасыл жібек желіне кеқірегін тосып тұрды. Түске дейін Аршалы шатынын түгін қоймастан тімісклей тінткіледі.

Арада апта сусыған. Сәуірініз жылып-жылжып жылдам жеткен. Кеңестік кезең күйрей бастаған бартерлік барымта жылдарында темір көлігінің жүргізушісі болған, бүгінде бурыл шашты бураға айналып, Көкшулан атанған сенімді серігін ертіп, таудың ішін тағы пысықтады. Түбегейлі тапсырмалар түзіліп, шешімдер бекемделді.

Шеншекпеніңіздің әрбір ымын қағып алып, қалт жібермейтін, әр шарасын түптеп тәртіптейтін кәнігіңіз Көкшулан аймақта жоқ арнайы бүркеншік мәшинемен жеті адамды жеткізді. Асудың аузындағы Тышқанды беткейі бауырынан, бұлақ бойынан шағын шатыр тігілді. Жертөле қазылды. Алты адам – алыс шетелдіктер. Жапон ба, қытай ма, тай ма, түсініксіздеу екен. Жетіншісі де жұмбақтау. Тауу шетелденау. Көккөз сары. Үш-төрт тілде сөйлейді. Жетекші. Тілмаштығын қоспағанда.

Әуелгі тапсырма асу алдындағы қалқоздан қалған қораның қонақтар өтер жағын жөндеп, реттеу-тұғын. Ежелден келе жатқан ескі мекенде әрі тау қарауыл міндетін атқаратын, әрі уәлаят орталығындағы пысыққайлау бір бел-гілі шенеунігіңіздің жылқысын бағатын шаруа отбасы отырар еді.

Көкшуланыңыз барлап қараса, асуға ұласар қыраттың бергі беткейі түптүгел таутышқанның індері екен. Аты Тышқанды ғой. Жыпырлаған топырақ үймелері қымбатты қонақтардың көңіл күйлеріне кірбің түсірер. Тып-типыл етіп, бүкіл беткейіңізді көркейтіп, көгалдандырмақ керек. Мәшине-мәшине шымыңыз төменгі тоғайдан тасыла бастаған. Көкшуланыңыз тышқанның індеріне жанармай құйғызды. Таутышқандардың талайы атып-атып шығысқан. От қойғызды. Көк тебінден үлгермеген. Жер жарықтық бусанулы. Өрт қаупі жоқ еді. Кенет қалқозыңыздан қалған қора-қопсының қасындағы биік пішен маясы Орман-тау қарауылы қырқаның арғы тасасында жылқы жайып жүріпті. Жапон ба, қытай ма, тай ма, түсініксіздеу тұрпаттағы шеберлеріңіз шетелдіктер бола тұра сасқалақ қаққан. Көкшулан бураңыз аузынан ақ көбік шашқан. Сөйтсе, өзі кінәлі екен. Беткейіңіздегі тышқан індерінің бірқаншасы пішен маясына барып жалғасатын көрінеді. Жанармайға малшынып, одан соң отқа оранған сормаңдайлар алты ай бойы малға азық болған, тағы бір қысқа жарарлықтай, жоталана жиналған шөп астынан шығысқан дә-ә-ә. Тек мая ғана емес, қора-қопсы түгел өртеніп, төңірек тұтас тазарған.

– Ісіміз сәтсіздеу басталды-ау. Қалай қыламыз? –деген Көкшулан көк желкесін тырналай қасып. Қиналып.

– Басы қаттының аяғы тәтті. Алған беттен қайтпаймыз, – деді Шеншекпеніңіз. – Есептесеміз. Егелерімен. Жаңадан жер берсек, бөріктерін аспанға атады әлі.

Есептесті. Егелерімен. Ту-у биіктегі буын-бунақ басынан, биліктен Ақтүбектің асуын тазартпақ мәселесі қойылған. Делінді. Уәлаят орталығындағы пысықай шенеунігіңіз жаңа жерден жылқы корасын жаңашалап салмаққа құмбыл кіріскен.

Сәуіріңізде Ақтүбек асуының арғы жақ, бергі жағы көркемделе көріктеніп, Аршалының шатындағы күллі жұмыс тап-түйнақтай тәмамдалуы тиіс-тұғын. Мамырыңыздың ортасы ауа Майталман-Майдангеріңіз қысқа мерзімді демалысқа келмек. Бәрі алдын ала келісілген. Жасырындау жағдай-да. Өзі жеке жолыққан. Шеншекпеніңіз. Сол-ла-ай. Ешқашан, ешқайдан кездестірмеген кереметін көрсетпек керек-дүр. Еш жерден, еш елден алмаған ләззаты мен рәһатын сезіндіруі ләзім-дүр. Бас қолдаушысына.

Жоспар белгілі. Жоба аян. Жұмыс қайнаған. Әрекет қызған. Арша ағашының мың шақты түбі қырқылып, боршаланды. Алты қанат ақ үйлердің ара-аралары да, іштері де, күн сәулесінен ванналар қабылдауға арналған құрылғылар да, марал мүйізінің шырынынан шипаналар дүниелер де, ас-ауқат ішетін, тыныбып отыратын және жатып ұйықтайтын, тағысынтағы тақталар да тек аршадан жасалды. Қысқа мерзімді демалысында, яки Ақтүбек тауының Аршалы шатындағы Ұларұя мүйісінде Майталман-Майдангер сынды саңлағыңыздың табаны жерге тиместен, тек арша ағашы төселген соқпақтармен жүрмегі жөн.

Қайран-ай.

Аршаларыңызды боршалағаннан кейін шетелдік шеберлеріңіздің әрқайсысы өз құдайларына жалбарынып, кешірім сұрайтынын, аман тұрған жас өскіндерге бас ұрып жылайтынын кәнігіңіз Көкшулан да көрмейтін. Білмеген. Аршадайын ағашыңыздың мың шақтысын бірден қырқып, қырып тастай салатын қазекеңіздің қандай халық екендігіне шетелдіктердің түк түсінбей дал болатынын сезбейтін. Ешкім. Жапоныңыз жасын жұтатын. Қытайларыңыздың қолдары қалтырайтын. Тайыңыз төлтірек қағатын. Көккөз сары жетекшіге бәрі-дағы нәніпәтір.

Тапсырмалар толық тындырылған. Жоспар-жоба жоғары сапада жүзеленген. Шеншекпен әкіміңіз үш-төрт нөкерімен бірге соңғы тексерістерін тәптіштеген. Алдағы міндеттер мәністелген. Тізбелер түзілген. Қымбат қонақ пен қасындағыларға қызмет көрсететіндерге сабақ жүргізілген. Сынақ өткізілген.

Шетелдік шеберлер жиналып-теріпіп, кешқұрым қайтпақ болған. Шеншекпеніңіздің Лондонда оқитын студент ұлы Көкшуланның қасында қалған.

Аймақта жоқ арнайы бүркеншік мәшине тау-тасыңыздың арасымен де, шоқылардың қия беткейімен де жосып жүре берер. Аршалы шатынан шығарда студент ұл темір көліктің тізгінін сұраған. Асудан асқанша ала алмаған. Бірнеше мәртелеп тотайлана торсаңдаған. Шетелде оқитын студент. Лажсыз орнына отырғызған. Көкшулан көкеңіз.

Тышқанды беткейдің шым төселген қиясымен тікелей тартқан-тұғын. Әкімнің еркесі. Кенет. Көздер жыпылық қақты. Жарқ-жұрқ жиіледі. Тышқанды қырқа төңкеріліп бара жатты. Қайта-қайта қайталанды-ау. Бүркеншігі бөлекше, бүкіл бітімі ерекше бола тұра аунады кетті, аунады кетті. Мәшинеңіз.

Сәл-пәл майырыла майысқан күйде төрт доңғалағынан тік тұрды. Біржарым айдай бұрын биік мая мен қора-қопсы өртенген ойпаңның үсті еді бұл.

Қас қарайған. Көкшуланыңыз есін жиды. Бірінші болып. Байқап көрді. Тексеруге кірісті. Әкімнің тотай-тәттісі дін аман. Аздап шошыңқыраған сияқты. Өзінің аяқ-қолы, омыртқа-қабырғалары ауырмайтынына, бурыл басының сап-сау екендігіне шүкірленіп, шырт қараңғыда сыртқа шықты. Мәшинені сипалап, онша бүлінбегенін байқады. Бүркеншіктің ішіне үңілді. Түк көрінбеді. Қалтасындағы ұялы телефонын абайлай алып, жарығын жақты.

Жүрегі су ете түсті. Бәрі қимылсыз. Алыс шетелдік десетін алты ұста да жансыз секілді. Жетіншісін, жетекшілерін қалқалай қоршап, қорғаштап жатқандай сезілді. Түртіп көрмекке қорықты. Қол тигізбектен қаймықты. Қалтыраған күйі кабинаға қайтты. Мәшине жүрмекке жарай ма? Жарамаса, ұялы телефонға жүгінер. Шеншекпеніңізге, әкіміңізге не бетін айтар?! Қалай сөйлесер?!

Бүркеншік көліктің бөлекшелігі шын екен. Гүр ете қалды. Жүріп кетті. Студент бала ықылықтап отырды. Көзің аққыр. Деді. Көкшуланыңыз. Ішінен.

– Бәрі сеспей қатыпты, білдің бе-е-е?! – деді қырылдай айқайлап. – Қырылып қапты. Қаяқтан ғана құтыра қойып ең… Пәдеріңе нәлеті!

Әкесін, әкіміңізді балағаттай алмайды. Баласы ғой кінәлі. Өзі ғой мәшинені берген. Сенген. Шеншекпеніңіз әлі керек қой. Бұрынғыдан бетер. Сотталып кетсе де…

Мәшине мүлтіксіз жүріп келеді.

– Тоғыз баламды сен күшік бағасың енді. Баққызасың! – деді Көкшулан. – Мені соттайды. Атуы да мүмкін. Қап, атаңа ғана нәлеті ит-ай! Негe ғана буынымды босатып… Былжырап… Елжіреп… орныма отырғыза қойдым екен?! Сені…

Әкімнің ұлы солқ-солқ етеді.

– Үшеуін әзер-әзер үйлендіріп ем. Бар күш-жігерімді Шеншекпенге жұмсаумен жүрмін ғой, ойбай! Анамнан туғандағы атым ұмытылып, Көкшулан атанып ем… Құладым… Қирадым… Қызым тұрмысқа шықпақшы еді-ау. Төсек-орнын, жасау-жабдығын дайындап қойып ек. Қап! Ойбай-ай! Ойбай-ай! Ойбай-ай!

Шеткі ауылдың жарығы көрінді.

– Ел-жұртқа масқара болдық-ау! Түрмеде ширимін-ау. Әй, әкеңе неге телефон соқпай отырсың? Соқсаңшы, көксоққан! Құрыдық де. Құдай, төбеден ұрды де. Қос қолдап тұрып. Бол тез! Ойбай-ай! Халықаралық шатақ шығатын болды-ау, ойбай-ай. Шетелдіктердің жетеуін бірдей жайратып тастадық-ау, ойбай-ай. Айтсаңшы тез! Ақтүбек асуы мен шеткі ауылдың ортасында күтіп тұрмыз десеңші! Қырылып жатыр де…

Әкіміңіздің баласы жерге түскен. Сөйлескен. Әкесімен.

Жедел жәрдемдер жеткен.

Сөйтсе-е-е. Түк те болмапты. Алыс шетелдікпіз десетін алтауыңыз әлдебір әдіс арқылы демдерін іштеріне тартып, түсініксіз тәсілмен тәндерін түрленте жиырылып, темір көлігіңіз аунаған сайын аунақшып түсіп, өздерін де, жетекші тілмашын да қорғап қалған. Бәрі бүп-бүтін. Сап-сау. Әлгіндейін әдістәсілдерді бастан кешкеннен кейін жарты сағат шамасында қимылсыз жатады екен дә-ә-ә.

Көкшуланыңыз ешкімнен ұялмайақ, тартынбай-ақ қуаныштан еңіреген. Тау мен даланы жаңғыртып.

Мамыр айының айқындалған аптасында Шеншекпендеріңіздің Майталман-Майдангері, бас қолдаушысы Ақтүбек тауының Аршалы шатында шат-шадымандана демалды. Табаны жерге тимеді. Тек аршаның үстімен жүрді. Арша үстінде отырды. Арша үстінде тынықты. Арша үстінде ұйықтады. Аршадан жасалған құрылғылар мен жасау-жабдықтар арқылы емделіп, демделді.

Қайтар сәтінде:

– Рақмет! Ризамын! Ризамын!– деді Майталман-Майдангеріңіз мапмайда күлімсіреп.–Мұндай мәністерді ешқашан, ешқайдан көрген емен. Еш жерден, еш елден сезінбегем. Өзің, бауырым, құйыл-төгіл ғана емес, ағыл-тегіл де азамат екенсің. Көзім жете түсті. Бұрынғыдан бетер. Ризамын!

Ризамын деген емес-ті. Айтты оны да. Шеншекпеніңіздің іші ысып жөнелді. Көкөзек көктем басындағыдай, төсегінде ұйқысыз аунақшығанындай күйдіргі ыстық емес. Аса жайлы, жылыжұмсақ, майда-мақпал ыссылық-тұғын. Уа-уау-у-у…

– Өзіңізге ұнаса. Аздап энергия алсаңыз. Табиғат-анаңыздан. Біз үшін басты қуаныш – сол, – деді. Бұл.

Қимай-қимай қоштасты. Екі жақ. Бір жүлге-жүйенің бір бунағындағылар.

Аршалы шатының Ұларұя ийініндегі инеліктей діріл қаққан қоңыр-қошқыл тікұшаққа сергектене секіріп мінген Майталман-Майдангеріңіз ықыластана қол бұлғады. Тікұшағыңыз тепсеңнен серпіле көтерілді. Биіктеңкіреп барып, терісікейге кілт бұрылды.

Мамырдың соңына таман мыңшақты арша діңдерінің аяусыз араланған, балта шабылған тұқылдарынан қайғы-қасірет жасындай тынымсыз сорғалаған тамшылар тиылған. Көп ұзамай-ақ текті тамырлар құрғап, қурап тынар.

Алайда. Олардың обалдары топырағындығызда ма, жеріңіздің үстінде ме, әйтеуір әрекет жасайды ғой. О дүниеге озар, бәлкім. Адамдарыңызбен араласып. Дегендейін үш-төрт ұлар мұңайысып отыратын еді.

Зерттеушілеріңіз бұл өңірде аршаңыздың азайып, ұларыңыздың жойылып бара жатқанын жазып жүретін.

* * *

Екі айыңыз өтер-өтпесте Майталман-Майдангердің негізгі, сенімді көмекшісі хабарласты. Алғаш аздап-аздап ақпарат алмасқан сыңайланды. Салқын ғана. Оның селқостығы мұңын ішін солықтатты. Самайын солқылдатты.

– Шұғыл түрде жетуіңіз керек, – деді сәл-пәлден соң.

– Таңертеңгі ұшақтан қалмаңыз.

Жүрегі онша алып-ұшпады. Атқақтамады. Сонда-дағы үміттенген. Шеншекпеніңіз. Қай уәлаят екен?! Әлдеәлде… Өзіміздің үлкенірек шаһар ма? Сол да жетер әзірше. Мынаусы менің шынымен өсетінімді көре алмай, көтере алмай сүлесоқтанады-ау, сірә. Ойын осылай түйіңкіреген. Ақтүбегіңіздің әкімі.

– Қолдаушымыз… Құлап қалды… Кеше кешкісін, – деді көмекші. – Жағдайы қиындау. Сіздің атыңызды айта береді. Сосын… «Арша-арша» дегенді жиі қайталайды. Есі кіресілішығасылы. Өзіміз дегендер ғана біледі. Өзіңіз келген соң ақылдасармыз қалғанын. Көріскенше…

Көз жиектері ашып-қышып қоя берген. Қиналыңқырап басын бұрған. Терезеге қарай. Жаздың ап-ашық күнінде бұлдырай алыстап, буылтықтана буалдыр тартып, анық көрінбеді. Ақтүбегіңіз.

Мархабат БАЙҒҰТ
qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВСТРЕЧА

ПО СООБЩЕНИЕ ПРЕСС-СЛУЖБЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, ИРАНСКИЕ БИЗНЕСМЕНЫ НАМЕРЕНЫ ОБУЧИТЬ КАЗАХСТАНСКИХ ФЕРМЕРОВ ТЕХНОЛОГИЯМ ВЫРАЩИВАНИЯ ДЛИННОЗЕРНОГО РИСА. ИРАН ЗАИНТЕРЕСОВАН В ПОСТАВКАХ КАЗАХСТАНСКОГО РИСА В БОЛЬШИХ ОБЪЕМАХ. ОБ ЭТОМ БЫЛО ЗАЯВЛЕНО В ХОДЕ ВСТРЕЧИ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ИРАНСКОЙ БИЗНЕС ДЕЛЕГАЦИИ С АЛМАТИНСКИМ БИЗНЕС-СООБЩЕСТВОМ НА ПЛОЩАДКЕ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ.

ИРАН ЗАИНТЕРЕСОВАН В ПОСТАВКАХ КАЗАХСТАНСКОГО РИСА

Стороны обсудили вопросы сотрудничества в торгово-экономической сфере и установления деловых контактов. Директор РПП г. Алматы Айтуар Кошмамбетов отметил давние деловые с связи двух стран.

«В 2022 году в рамках визита нашего президента в Иран было заявлено, что взаимная торговля может вырасти до 3 млрд в течение следующих трех лет, если имеющиеся возможности будут реализованы. Казахстан ввел безвизовый режим для граждан Ирана сроком на 14 дней. Все эти меры уже показывают результат», – сказал Айтуар Кошмамбетов.

По словам спикера, на данный момент из заявленного объема взаимный товарооборот составляет 500 млн долларов, для того чтобы достичь 3 млрд необходимо больше взаимовыгодных проектов.

В свою очередь вице-министр сельского хозяйства Ирана сообщил, что страна заинтересована в сотрудничестве, для этого правительства стран создают благоприятные условия. На сегодня Иран производит 150 млн тонн агропродукции в год. Также динамично развивается тепличное хозяйство, а готовые тепличные решения Иран экспортирует в Казахстан, Россию, Узбекистан и страны прикаспийского континента.

Между тем у Ирана есть потребности, которые может удовлетворить Казахстан. Это касается зерновых злаков, к примеру, годовая потребность Ирана в кукурузе составляет 8 млн тонн, порядка 3,5 млн тонн зерна, от 800.000 до 1 млн тонн риса, 4,5 млн тонн сои.

«Годовая потребность Ирана в рисе составляет 3 млн 2 00 тыс. тонн, а объем производства составляет 2,3 млн тонн. Остальное импорт. Мы потребность покрываем поставками риса из Пакистана, Индии и других стран. Мы хотели бы импортировать злак из соседнего государства», – сказал заместитель министра сельского хозяйства Исламской Республики Иран Алиреза Мохаджер.

Предприниматель, учредитель ТОО «Асылдэн» Нурлан Жумартов отметил, что в Казахстане выращивать длиннозерные сорта риса сложнее.

«У такого сорта риса более длительный вегетационный период. В Казахстане выращивают круглозерные сорта риса, чей вегетационный период 90 дней. Как вы решите этот вопрос? Есть ли такие сорта, подходящие к казахстанскому климату?», – задал вопрос предприниматель.

Представитель Ирана ответил, что у них применяется практика тепличного выращивания семян, далее ростки пересаживаются на открытый грунт.

«Если предприниматели заинтересованы, то представители компаний могут приехать в Казахстан и провести обучение. Мы готовы предоставить технологии выращивания, начиная от обучения до предоставления техники, семян и сопровождения», – ответил представитель иранской делегации.

По итогам девяти месяцев 2022 года товарооборот между Ираном и городом Алматы вырос с 8 млн долларов до 118 млн долларов. Это говорит о том, что товарооборот вырос в два раза. Импорт Ирана в Алматы составил 72 млн долларов. В этом направлении также наблюдался двойной рост. Экспорт Ирана вырос с 22 млн до 46 млн долларов.

Отметим, 26-27 января в Астане состоится заседание Совместной комиссии двух стран. На нем будет участвовать министр сельского хозяйства Ирана, где будет обсуждено дальнейшее сотрудничество Казахстана и Ирана с сфере сельского хозяйства.

Во встрече участие приняли директор палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов, генеральный консул Исламской Республики Иран в г.Алматы Мохсен Фагани, заместитель министра сельского хозяйства Исламской Республики Иран Алиреза Мохаджер, эксперт по экономическим вопросам Генерального консульства Исламской Республики Иран в г.Алматы Мохсен Багани, предприниматели Алматы.

Ш. ХАМИТОВ.

МИНПРОСВЕЩЕНИЕ

ЭКЗАМЕН ПО КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Экзамен по казахскому языку будут сдавать все с 1 сентября. Портал Turkystan.kz сообщает о новой инициативе минпросвещения, направленной на повышение статуса государственного языка.

С 1 сентября 2023 года экзамен по казахскому языку и литературе будут сдавать не только выпускники 9 и 11 классов, а все школьники, начиная с 5 класса. Соответствующий приказ министерства образования появился на портале НКА «Ашық».

«Экзамен по казахскому языку проводится в письменной и устной форме в соответствии с государственным общеобразовательным стандартом по результатам освоения учебной программы. Время проведения экзамена определяется педагогическим советом образовательной организации. Задания составляются преподавателями и утверждаются администрацией образовательной организации с соблюдением принципов академической честности», – говорится в документе.

Портал также сообщил, что нововведение будет открыто для общественного обсуждения до 3 февраля 2023 года.

ПРОИСШЕСТВИЕ

В СЕЛЕ АКТАСТЫ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ЖИЛОМ МНОГОКВАРТИРНОМ ДОМЕ ПРОИЗОШЕЛ ВЗРЫВ ГАЗОВОЙ ПЕЧИ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

ВЗРЫВ В ЖИЛОМ МНОГОКВАРТИРНОМ ДОМЕ

В этом году месячный расчетный показатель для исчисления выплат равен 3450 тенге.

Так, размер госпошлины за выдачу документа, удостоверяющего личность, согласно Налоговому кодексу сейчас составляет 0,2 МРП, то есть 690 тенге. Паспорт обойдется дороже – 27 600 тенге.

Срок выдачи паспорта и удостоверения личности не превышает 15 рабочих дней с момента подачи заявления, но с возможностью платно ускорить процесс вплоть до 1 рабочего дня. Срок действия составляет 10 лет, после чего необходимо произвести замену.

Таким образом, с начала 2023 года ставки госпошлины выглядят так:

– удостоверение личности 0,2 МРП – 690 тенге;

– паспорт 8 МРП – 27 600 тенге;

– водительское удостоверение 1,25 МРП – 4 312 тенге;

– свидетельство о браке 1 МРП – 3 450 тенге.

При повторной выдаче 0,5 МРП – 1 725 тенге;

– госпошлина при подаче на развод 2 МРП – 6 900 тенге;

– свидетельство о рождении выдается бесплатно. Но при изменении, дополнении, исправлении и восстановлении записи акта надо внести 0,5 МРП – 1 725 тенге.

PR-менеджер филиала госкорпорации «Правительство для граждан» по городу Алматы Жанил Апетова сообщила, что популярными государственными услугами через ЦОН остаются выдача удостоверений и паспортов. По ее словам, в прошлом году по Алматы документировались 368 127 человек. С начала года уже около 7 тысяч человек обратились за новыми удостоверениями и паспортами.

Бейсенбі - Четверг, 2 ақпан

ҚАЗАҚСТАН
06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Сезім толқыны»
14.10 «Қызық екен»
15.00 «Тіршілік»
15.30 «Шаңырақ»
16.00 «Айман-Шолпан»
17.15, 02.00 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.00 «Сана»

ХАБАР
05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 Мультфильм
12.00, 20.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал«Сезон дождей»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 «Барс Generanion»
22.45 «Такая, как все»

АСТАНА
06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
12.00,01.00 «Айнұрдың арманы»
13.30 «Көру керек!»
14.40, 01.00 «Практика»
17.00 «Қағаз кеме»
18.00 «Кішкентай келін»
19.00, 23.50 «Позднее раскаяние»
20.00 «Astana Times»

ЕВРАЗИЯ
06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 «Мужское/женское»
12.20 «Красавица»
13.15 «Татьянин день»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Условный мент 2»
00.45 «Диверсант»
01.20 «Два цвета страсти»

КТК
07.00 «КТК» қоржынынан
07.25 «Дау-дамайсыз»
08.00 «Ф.И.Л.И.Н»
09.30 «Корзина для счастья»
13.20 «След тигра»
15.10, 01.20 «Наследники»
17.00, 02.10 «Бақытты аңсағандар»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «По праву любви»
23.30 «Пёс-6»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Құпия құжат»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Эко-рейд»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін» (Жетісу)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Жүрек сөзі»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ
06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00, 05.00 «Ризамын»
08.00, 01.40, 04.30 What s upp?
08.30 «Тайная любовь»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50, 23.30 «31 әзіл»
11.30 «Женатики»
12.30 Мультфильм
14.00 Кино «Легенда о красном драконе»
15.40 Кино «Экипаж»
18.20 «Спайдервик: хроники»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.40 «Дом летающих кинжалов»
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.40,23.20 Т/х «Тек қана қыздар»
07.40, 12.40 Т/х «Изоляция»
08.10, 13.20 «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 «Доктор Надежда»
10.00 «Смеяться разрешается»
12.10 Скетчком «Q-елі»
13.10, 22.20 «Шабдалы 18»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10 «Ну-ка все вместе!»
18.00 «Провинциал»
19.00 «А у нас во дворе»
21.00 «Сержан братан»
00.20 «Полицейский с рублевки»
02.20 Жайдарман
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 3 ақпан

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 02.25 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Махаббат тұтқыны»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Сезім толқыны»
14.10 «Қызық екен...»
15.00 «Зиннар»
15.45 «Киелі Қазақстан»
16.00 Т/х «Айман-Шолпан»
17.15, 01.55 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «Көңіл толқыны»
00.00 «Парасат майданы»
01.05 Өмір көркем

ХАБАР
05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Өнеге»
10.30 «Ковер шоу»
12.00, 20.00 «Жазмыш»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал «Такая, как все»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
18.15 Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 Т/х «Барыс generation»
22.45 «Дожить до утро»

АСТАНА
06.00 Т/х «Әйел тағдыры-3»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 «Тағдыр талқысы»
12.35 «Айнұрдың арманы»
13.30 «Айтарым бар»
14.40 «Президент пәрмені»
14.50, 01.00 «Практика»
17.10 «Қағаз кеме»
18.00 Т/х «Кішкентай келін»
19.00, 00.00 «Позднее раскаяние»
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Ең алғашқы»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 «Мужское/ женское»
12.20 Сериал «Красавица»
13.15 Сериал «Татьянин день»
14.10, 02.55 «Новости»
14.20, 03.00 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.55 «Басты жаңалықтар»
19.00, 03.10 «Кереміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.50 «Ветеран»
01.25 Орлинская. Стрелы нептуна

КТК
07.00 ҚР Әнұраны
07.05Кешкі жаңалықтар
07.30 «Әулеттер тартысы»
09.00 Вечерние новости
09.40 «Ф.И.Л.Н» детектив
11.00 Пес-6
13.00 «По праву любви» мелодрама
15.00 «Игра в судьбу»
17.00 «Бақытты аңсағандар»
18.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Дау-дамайсыз
20.35 «КТК- web »
21.00 Вечерние новости
21.40 «Крепость бадабер»
01.10 «Наследники»
01.50 «Бақытты аңсағандар»
03.15 «Дау-дамайсыз»
03.40 «КТК-web»
04.00, 04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Ел қамы»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Жанашыр»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сегодня» (Жетісу)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Шашу»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Бүгін» (Қонаев)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «AgroLife»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ
05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 « Әзіл студио»
07.00 «Информбюро»
07.50, 05.00 Ризамын
08.30 Сериал «Тайная любовь»
09.35 «Күліп all»
10.00 Сериал «Листопад»
10.40, 00.00 «31 әзіл»
11.30 Сериал «Женатики»
12.30 «Маша и медведь»
14.00 Х/ф «Спайдервик:хроники»
15.45 Х/ф «Дом летаюших кинжалов»
17.55 Х/ф «Супер 8»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.50 «Война миров»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What's up?
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala batlle

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.40, 23.20 Т\х «Тек қана қыздар»
07.40,12.40 Т/Х «Изоляция»
08.10, 01.20 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00, 17.00 Сериал «Доктор надежда»
10.00 Сериал «А у нас во дворе»
12.10 Скетчком «Q-елі»
13.10, 21.35 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.10 Шоу «Ну-ка все вместе»
18.00 «Сайлау жаршысы»
18.20 Х\Ф «Легенда №17»
21.00 Т/х «Сержан братан»
00.20 «Полицейский с рублевки»
02.30 Жайдарман
03.00 Т/Х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 4 ақпан

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 02.20 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00 «Дәуір даналары»
07.50, 01.50 «Күй керуен»
08.20, 01.30 «Ақсауыт»
08.45 «Жігіттер» тобының концерті
10.00,18.00 Т\х «Махаббат тұтқыны»
12.00 «Гарфилд-2»
13.10 «Тәуелсіз елім - тірегім»
15.20 «Дос Мұқасан»
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.55 Нартәуекел
22.30 Т\Х «Бауырлар»
23.30 К/ф «Көңіл толқыны»
00.40 Апта

ХАБАР
05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт
07.45 «Әке бақыты»
08.45 «Дарын»
09.30 «Спорт тайм»
10.00 Угнать и продать
12.00 М/ф «Болт и блип спешатна помощь»
13.15 «Алиса и Льюис»
14.00 Т\х «Келінжан-4»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Маска»
19.30 «Жұп жұбымен»
21.00 «7 күн»
21.40 «Екінші республика»
22.00 «Отдел журналистких расследований»
22.35 Мегахит «Максимальный срок»

АСТАНА
06.00 Т/х «Әйел тағдыры-3»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Х/ф «Тағдыр талқысы»
12.00 «Алдараспан»
15.00 «Құрақ»
18.00 «Жестокая судьба»
20.00 «Сапар таймс» апталық сараптамалық
23.30 «Выкрутасы»
01.20 «Көру керек»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той БАЗАР»
07.50 «П@утина»
08.40 «Воскресные беседы»
08.50 «Леонид гайдай. Все бриллианты короля комедии»
09.55 Х/ф «Самогонщики»
10.30 «Қаймақ»
11.05 Сериал «Бархатный сезон»
14.40 «Х фактор»
16.55 Х/ф «Каникулы строгого режима»
18.55 «Добрый вечер, Казахстан»
20.00 Сериал «Грани»
21.00 Сериал «Цветотерапия»
00.40 «Поем на кухне всей страной»
02.15 «Той базар»
03.45 «П@утина»

КТК
07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Әндер мен жылдар
09.00 «Юморина»
11.20 «Не говори мне о любви» остросюжетный детектив
15.20 Т/х «Көріпкел»
19.10 «Жұлдыздар мен ұл қыздар»
21.00 «Портрет недели» остросюжетный детектив
22.00 «Реставратор»
23.50 «Игра в судьбу»
01.40 «Көріпкел»
03.20, 04.30 «Әндер мен жылдар»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «AgroLife»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «ЖасLife»
13.30 «Шашу»
14.30 «Бүгін» (Қонаев)
15.00 «Әндер мен жылдар» концерті
17.00 «Шашу»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Ділмар»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Безбен»
19.40 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»
22.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ
05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 «Әзіл студио»
07.00, 01.00, 05.30 «What's up?»
08.00, 02.00 «Тамаша лайф»
09.00 «Телебинго»
09.30 Готовим с Адель
10.00 «Дуагер»
12.00 «Маша и медведь»
12.30 Х/ф Союз зверей
14.10 Х/ф «Рио»
16.00 Х/ф «Перси Джексон и похититель молний»
18.10 Х/ф «Тор-2.Царство тьмы»
20.00 Х/ф «Миллионер каждую неделю»
20.15 Человек паук7 Вдали от дома
22.40 Алдараспан
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»
05.00 31әзіл

7 КАНАЛ
06.00 «Пәленшеевтер»
08.30, 00.40 «Алло, бұл кім»
09.00 «Гадалка»
09.30 Шоу «Измайловский парк»
11.50 Шоу «Маска»
14.50 Т/х «Бастық боламын»
17.20, 01.00 Шаншар
21.00 Сериал «Никогда не разговаривай с незнакомками»
04.15 «Жеңіп көр»
05.00 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 5 ақпан

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 02.20 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00 «Дәуір даналары»
07.50, 01.50 «Күй керуен»
08.20, 01.30 «Ақсауыт»
08.45 «Жігіттер» тобының концерті
10.00,18.00 Т\х «Махаббат тұтқыны»
12.00 «Гарфилд-2»
13.10 «Тәуелсіз елім - тірегім»
15.20 «Дос Мұқасан»
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.55 Нартәуекел
22.30 Т\Х «Бауырлар»
23.30 К/ф «Көңіл толқыны»
00.40 Апта

ХАБАР
05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт
07.45 «Әке бақыты»
08.45 «Дарын»
09.30 «Спорт тайм»
10.00 Угнать и продать
12.00 М/ф «Болт и блип спешатна помощь»
13.15 «Алиса и Льюис»
14.00 Т\х «Келінжан-4»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Маска»
19.30 «Жұп жұбымен»
21.00 «7 күн»
21.40 «Екінші республика»
22.00 «Отдел журналистких расследований»
22.35 Мегахит «Максимальный срок»

АСТАНА
06.00 Т/х «Әйел тағдыры-3»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Х/ф «Тағдыр талқысы»
12.00 «Алдараспан»
15.00 «Құрақ»
18.00 «Жестокая судьба»
20.00 «Сапар таймс» апталық сараптамалық
23.30 «Выкрутасы»
01.20 «Көру керек»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той БАЗАР»
07.50 «П@утина»
08.40 «Воскресные беседы»
08.50 «Леонид гайдай. Все бриллианты короля комедии»
09.55 Х/ф «Самогонщики»
10.30 «Қаймақ»
11.05 Сериал «Бархатный сезон»
14.40 «Х фактор»
16.55 Х/ф «Каникулы строгого режима»
18.55 «Добрый вечер, Казахстан»
20.00 Сериал «Грани»
21.00 Сериал «Цветотерапия»
00.40 «Поем на кухне всей страной»
02.15 «Той базар»
03.45 «П@утина»

КТК
07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Әндер мен жылдар
09.00 «Юморина»
11.20 «Не говори мне о любви» остросюжетный детектив
15.20 Т/х «Көріпкел»
19.10 «Жұлдыздар мен ұл қыздар»
21.00 «Портрет недели» остросюжетный детектив
22.00 «Реставратор»
23.50 «Игра в судьбу»
01.40 «Көріпкел»
03.20, 04.30 «Әндер мен жылдар»

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Безбен»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 Д/ф «Мен ежелгі мәдениет куәгерімін»
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Құпия құжат»
13.30 «Шашу»
14.30 «Ділмар»
15.00 К/ф «Тұтқиылдан»
16.40 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Жүрек сөзі»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 Д/ф «Кең ауқымда»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Өн тыңдайық»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ
05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 «Әзіл студио»
07.00, 01.00, 05.30 «What's up?»
08.00, 02.00 «Тамаша лайф»
09.00 «Телебинго»
09.30 Готовим с Адель
10.00 «Дуагер»
12.00 «Маша и медведь»
12.30 Х/ф Союз зверей
14.10 Х/ф «Рио»
16.00 Х/ф «Перси Джексон и похититель молний»
18.10 Х/ф «Тор-2.Царство тьмы»
20.00 Х/ф «Миллионер каждую неделю»
20.15 Человек паук7 Вдали от дома
22.40 Алдараспан
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»
05.00 31әзіл

7 КАНАЛ
06.00 «Пәленшеевтер»
08.30, 00.40 «Алло, бұл кім»
09.00 «Гадалка»
09.30 Шоу «Измайловский парк»
11.50 Шоу «Маска»
14.50 Т/х «Бастық боламын»
17.20, 01.00 Шаншар
21.00 Сериал «Никогда не разговаривай с незнакомками»
04.15 «Жеңіп көр»
05.00 «Қуырдақ»

ЗАҢ және ҚОҒАМ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗЫНА

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАЖЕТТІЛІК КӨГЕРТЕДІ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БОЛҒАНДЫҚТАН ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ, ҚОЛДАНЫСЫ КЕҢ БОЛУЫ МІНДЕТ. ӨЗ ЖЕРІМІЗДЕ, ӨЗ ОТАНЫМЫЗДА ОТЫРЫП ӨЗ ТІЛІМІЗГЕ ЖЕТІМНІҢ КҮНІН КЕШТІРГЕНІМІЗ АЗАМАТТЫҒЫМЫЗҒА СЫН.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтеміз, қадірін арттырамыз деген жалаң сөзден қазақ тілінің бағасы артып кетпейді. Тілге деген көзқарас ең алдымен отбасынан, ата-ананың тәрбиесінен басталуы керек. Қазір өз балаларын, немерелерін қазақша сөйлете алмай отырған отбасылар көп. Соның кесірінен кішкентайларын жетектеп бара жатқан қаракөздердің орыс тілінде сөйлескенін көру бүгінде қалыпты жағдайға айналады. Аулада бір орыс бала жүрсе бүкіл қазақ баласының орысша сөйлеуі де күнделікті көрініске айналған. Бұған тосқауыл қою үшін әрқайсымыз жүрген жерімізде тек қазақша сөйлеп, қызметтің де мемлекеттік тілде көрсетілуін талап еткеніміз жөн.

Қазақ тілінің – мемлекеттік тіл екені құжат жүзінде нақтыланғанымен, іс жүзінде сот жұмысында орыс тілінің үстем екенін мойындауымыз керек. Жалпы құқық қорғау, сот, прокуратура, адвокатура саласындағы қазақ тілінің қолданыс деңгейі өте төмен. Бүгінде тергеу, анықтау органында отырған азаматтардың көпшілігі қазақ тілді. Бірақ алдына іс түссе, құжаттың бәрін орысша толтыруға дағдыланған. Бұл қадамдарын олар «орысша құжат толтыру жеңіл, үлгінің бәрі орысша дайындалған, терминдерді қазақшаға аудару уақыт алады әрі елдің түсінбеушілігін тудырады» деп ақтап алуға тырысады. Алайда күнделікті қолдарынан өтетін құжатты қазақшаға аударып алса кім қой дейді.

Азаматтар көмек сұрап кеңесін алатын заңгер, қорғаушылардың басым бөлігінің қазақшасы нашар. Соның кесірінен олар өз қорғауындағы азаматтың мемлекеттік тілді білетін, білмейтініне бас қатырып жатпайды. Арызды қорғауындағы адам білетін тілде емес, өзі жетік білетін орыс тілінде жаза салады. Ал сотқа арыз-шағым қай тілде түссе, іс сол тілде қаралатыны арнайы кодекстермен реттелген. Кейде сот отырысына қатысып отырған судьяның да, айыптаушы мен қорғаушының да, қос тараптың да қазақ бола тұра, істің орыс тілінде қаралғанын көріп қазақ тілінің болашағы үшін алаңдайсың. Кейбір бауырларымыз ана тілін білмеген соң аудармашының көмегіне жүгініп жатады. Осының өзі тілге қатысты саясатқа бейжай қарамау керектігін ұқтыратындай. Қазақ тілінің қайнарынан қанып ішіп, бесік жырын құлағына құйып өскен бала мемлекеттік тілге де, мемлекеттің мүддесіне де қырын қарамайды. Өкінішке қарай, отбасындағы тәрбиенің осалдығынан, тілге деген жанашырлықтың төмендігінен қазақ тілінің бүгінгі хәлі өте мүшкіл. Мемлекеттік мәртебесі болғанымен, ана тілімізді мойындайтындар аз. Себебі талап жоқ. Мемлекеттік мекемелердің өзінде мемлекеттік тілді білмейтіндер жетерлік. Бұл үлкен кемшілік. Қазақ тілін қажет тілге айналдыру үшін мемлекеттік мәнсаптың беделін өсіріп қоймай, сонымен бірге мемлекеттік тілді білмейтіндердің мемлекеттік қызмет істей алмайтынын нақтылап алу керек.

Айнагүл ҚҰТТЫБЕКОВА,
Көксу аудандық сотының
бас маманы.

БІЛІМ

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Тиімді әдіс-тәсілдер – сапалы сабақ кепілі. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.



«Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдылары үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты.

Әңгімелеу, сұхбаттасуда табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды. Биологияны оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуын, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет.

Өзім сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. Яғни, қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді. Ал әдіс-тәсілдерді сабақ үдерісінде тиімді пайдалану үшін сабақ мақсаты нақты әрі қолжетімді болуы керек. Өйткені сабақтағы ең маңыздысы қойылған дұрыс мақсат пен күтілетін нәтижелер. Дұрыс қойылған мақсат күтілетін нәтижелерге жету жолында нақты іс- әрекетке жетелейді.

Сондықтан сабақтарымды жоспарлауда мен үшін маңызды сабақ мақсатын нақты әрі қолжетімді етіп құру болып табылады.

Жадыра МАРАТҚЫЗЫ,
№2 орта мектептің
биология пәнінің мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

МЕДИАЦИЯ

Қазіргі кезде би-қазылардың орнын заманауи сот төрелігі институты басты. Жұртшылық та өзара туындаған дауларының әділ шешілуін қалап, сотқа жүгінуге бейімделіп алды. Әйтсе де, болымсыз мәселеден туындаған дау дамайды сотқа жүгінбей-ақ, уақытын зая кетіріп, қаржысын шығындамай-ақ шешуге болатын медиациялық тәсілдің бар екеніне жұртшылық жете мән бере қоймайтынын күнделікті сот процестерінде көз жеткізіп келеміз.

ТИІМДІ ТӘСІЛ

Сот процесі барысында сот дауласушы жаққа дауды бітімгершілік жолмен шешуге болатыны жайлы айтып түсіндіріп, араларындағы келіспеушілікті медиациялық тәртіппен шешуді ұсынғанда барып, тараптар саналарына сіңіріп, бұл ұсынысты қабылдап жатады. Сондықтан дауласушы тараптарды сот процесіне жеткізбей, алдын ала өзара татуластыруы, бітімге келтіруші бейтарап медиаторлардың арағайындығымен күрмеулі мәселелерді шешу бүгінгі күннің талабына айналып отырғаны даусыз. Осыған байланысты тараптарға тиімді тәсіл болып табылатын медиациялық жолмен бітімгершілікке келу тәртібі жайлы мағлұмат бере кетсек артық болмас.

Медиация – дауларды шешудің балама жолы. Бұл тәсіл алпауыт елдерде ертеректе қалыптасқан және заңдастырылған. Жалпы, медиация әділ дүниежүзінде 20 ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Медиация - жанжалға мүдделі емес үшінші тараптың қатысуымен дауларды бейтарап және әділ баламалы реттеу нысаны болып табылады. Медиация – құқықтық мәдениеттің қажетті элементі, медиацияны қоғамдық қатынастарды реттеуде кеңінен қолдану – азаматтық қоғамға көшудегі маңызды қадам. Медиация азаматтардың жауапкершілік сезімін, олардың іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіну және қабылдау мәдениетін арттырады.

Медиация – дауларды мәдениетті реттеуге, келіссөздер технологияларын жетілдіруге, даулардың бейбіт жолмен шешілуіне ықпал етеді. Медиацияға жүгінсе, дауласушылардың біріншісі дұрыс, екіншісі бұрыс демей, оның алтын ортасын іздейді, сол арқылы екі жақтың да мүддесін қамтитын шешім табылады. Медиация тез әрекет етеді, бюрократиялық емес, уақытты, ақшаны, жүйке жүйесін үнемдейді. Оның басты ерекшелігі – медиаторлар. Бейтарап үшінші тараптың рөлінде медиаторлар – дауласушы тараптар үшін ең жақсы және тиімді жолды іздейді. Олар шешімдерді әзірлеуге көмектеседі, онда жеңімпаздар мен жеңілгендер болмайды. Шешімдер олардың орындалуын қамтамасыз ететін тараптардың толық келісімі бойынша қабылданады. Сайып келгенде, медиация әртүрлі қиын жағдайға тап болған адамдар арасында келісімге келудің, қос тараптың да талаптарын тап басудың ізгілікті жолы екені даусыз. Сондықтан дауды медиациялық тәртіппен шешу тараптар үшін тиімді екенін тағы да баса айтқымыз келеді.

Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,
Текелі қалалық сотының судьясы.

ЭКОЛОГИЯ

ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ - ОРТАҚ МІНДЕТ

Орман қоршаған ортаға қажетті аумақ. Мұнда адамдар көбінесе демалуға, таза ауа жұтып, тынығуға барады.

Өкінішке орай, демалушылар қоқыстарын шашып немесе тамақ дайындаған соң артынан қалған шоқты өшірмей жатады. Соның салдарынан қазіргі таңда көптеген орман өртеніп жатыр.

Кең байтақ еліміздің аумағы үлкен болғанымен, орман қоры шектеулі. Сондықтан оны қорғау, сақтап қалу – адамзат баласының басты парызы.

Ойлап қарасақ, оның қоғамда алар орны ерекше. Мәселен, тамақ пен шикізат, дәрі-дәрмекті де ала аламыз. Сондай-ақ мұндағы таза ауа – сау денсаулық кепілі.

Өрт қаупі бар маусымдарда, яғни күзгі толасыз жауын-шашынға немесе қар жауғанға дейінгі мерзімде мыналарға тыйым салынады. Арнайы көрсетілмеген және белгіленбеген орындарда от жағуға, жанып тұрған шырпыны, темекі күлін тастауға және трубкалардан ыстық шоқтарды қағып түсіруге, орман алаңдарында, шалғындарда шөптерді жағуға және егістік даларында, іргелес жатқан учаскелерде от тұтатуға болмайды.

Айтарым, әр адам қауіпсіздік ережелерін біліп, қатаң тәртіптерді ұстанса бұл өздеріне де, өзгеге де жақсы. Сонымен қатар ондағы ағаштарды рұқсатсыз кесуге болмайтынын, орманды қорғау – ортақ міндет екенін естен шығармаса екен.

Ғалымбек АБИЛКАЖИМОВ,
«Талдықорған орман шаруашылығы» Қаратал орманшылығының орман күтушісі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САҒЫНЫШ

«ПОЭЗИЯ! Кел бері, сырласалық!»

Қазақтың қара өлеңіне жырдан үкі тағып, адалдық пен адамдықтың символына айналған ақындар қашанда ел есінде. Солардың бірі әрі бірегейі – ақын Қайрат Әлімбеков. Жалынды жырларымен оқырман жүрегіне жол тапқан Қайрат ағамыз өмірінің соңына дейін халқына адал қызмет етіп, еселі еңбегін елін қуантуға арнады.

«Отаным ғой – мекен еткен менің ғажап
достарым.
Бақытым сол – мына өмірде найзағайдай
қас қағым.

Арасында жүрсем болды,
Керегі жоқ басқаның!»,

– деп жырлаған ҚР Жазушылар одағының мүшесі, жетісулық жерлесіміз – ақын Қайрат Әлімбектің 60 жылдығы қарсаңында Жетісу Халық шығармашылығы орталығының қолдауымен (еске алу) поэзиялық сағат өтті. Әдеби шараға ҚР Құрметті журналисі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Әміре Әрін және ақынның ағасы Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Жұмағұл Әлімбеков, Жетісу облыстық Халық шығармашылығы орталығының директоры Арнұр Әлімжанұлы, жас ақындар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Поэзиялық сағаттың модераторлығын ақын Женгелді Немеребай атқарды. Сағынышқа толы тартымды кеште ақын Әміре Әрін Қайрат ағамыз жайлы тұщымды ойларын ортаға салды.

– Қайрат – қазақи тұрпатты, өзінің лирикалық сарыны бар ғажайып ақын еді. Бозбала Қайратпен ең алғаш аудандық газетте істеп жүргенде танысқан болатынмын. Небәрі алтыншы сыныпта оқитын бала редакциямызға өзі жазған өлеңдерін тұрақты түрде әкеліп жүрді. Бір-екеуін оқып көріп едім, салмақты ойы мен тереңінен қаузалған құнды шығармалар екен. Бірте-бірте таныстып, біліскіп етене жақын араласып кеттік.

Ол көпшіл еді. Табиғатынан өкпе дегеннің не екенін білмейтін. Сол себептен де болар Қайрат өмірден өткен шақта барлық Алаш жұрты аза тұтты. Халықтың ақынға деген махаббаты, достарының қимас сөздері біздің Қайрекеңнің жасындай жайдары мінезінің, бауырмашылдығының арқасы деп білемін. Жаста болса, бас бола білген ол менің алғашқы кітабымның шығуына да септігін тигізді. Мен деп кеуде кермей, бірінші кезекте өнердегі, өмірдегі ағаларын көтерді. Бізді жаңа ортаға кіріктірді. Ол екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес. Бүгінгі күні поэзияның жарық жұлдызы саналатын Қайрат бауырымның есімін асқақтату біздің міндетіміз, – деген ақын аға қарымды қаламгер, жүйрік журналистің өмір тақырыбында салған жыр-суреттерінің ғұмыры мәңгілік болуы үшін барын салатынын жеткізді.

Поэзия кеші әрмен қарай ақынның туған елі мен жеріне, өмір баспалдақтарына, адамзат тағдырына, көңілдің кейбір кездеріне арналып жазылған өлеңдерімен жалғасты.

Ақын Қайрат Әлімбек жүректен шыққан жырларын *«Поэзия, кел бері, сырласалық, Қиналғанда саламын жырға салық»,* – деп ақ қағазға таңғы шықтай мөлдіретіп төккен болса, кешке келген жас ақындар шайырдың жырларын нақышына келтіре оқыды. Өмірінің ғажап сәттері бейнеленген ақын өлеңдері тыңдарманның құлақ құрышын қандырды. Өлең болған жерде әннің шырқалуы заңдылық. Сол себептен поэзия кешінде әсем ән де шырқалды. Талдықорған әуендері ансамблінің сазгері Нұржан Ахметбек жыр сүйер қауымның ақынға деген сағынышын басты.

Мұнан кейін ақынның ағасы Жұмағұл Әлімбеков бауыры туралы жан тебірентер естеліктерімен бөлісті.

– Мен есепке жақын болсам, Қайрат мектеп кезінен әдебиетті сүйіп оқыды. Кітапқа деген құмарлығы сонша түнде көрпе астында шам жағып алып оқитын. Біраз есейген соң қиыстапайтын сөздерді қиыннан әкеліп қиюластырып, ешкімге ұқсамайтын өзіндік мәнермен өлең жаза бастады. Жоғарғы оқу орнында да араласатын ортасы, бөлмелестері елдік мұратты ұстанған жастар еді. Болашақта елге танымал азаматтар боларын сол кездің өзінде-ақ аңғартып тастаған. Бүгінде өзіндік қолтаңбалары қалыптасқан, өмірден өз орындарын тапқан кіл мықтылар. Мысалы Қазақ энциклопедиясының директоры Бауыржан Жақып, жазушы – сатирик Базарбек Түкібаев, қаламы қарымды журналистер Мұратбек Оспанов, Төрехан Данияр. Міне, Қайраттың да жүрек лүпілі осылармен қатар соғып, бар қазақтың баласын құшағына алғысы келіп жүруші еді-ау. Журналистік қабілет қарымы мықты Қайраттың мақала, очерк жазғанда қиналып, қағазға шұқшиып отырғанын көрмеппін. Жауапты мақалалардың өзін машинист қыздардың қасына тұрып алып ауызба-ауыз айтатын. Және сол шығармалары әрқашан да сәтті шығатын. Қайрат ақиық ақын Мұқағали Мақатаевты ерекше жақсы көріп, еліктейтін.

Қайратымның шығармашылық жоспары да көп болатын. Өмірге деген құштарлығы да ерекше еді. Көңілімізге жалғыз медеу болар жәйт бауырымның артында оның жарқын бейнесін жадында мәңгі сақтайтын қалың жұрты қалды, – деп жанына ыстық естеліктерді еске түсірген Жұмағұл Әлімбеков бір сәт көзіне еріксіз жас алды...

Поэзия – өмірдің әрі мен нәрі. Поэзия жайында нақты бір тұжырым ой айту қиын. Өйткені ол бір болмысты ғана емес, мыңдаған болмыстың жиынтығы. Олай дейтініміз, оның бойында әуен де, сыр да, мұң да, қуаныш та, жалпы адам баласына тән барлық қасиет атаулы бар. Ал Қайрат ақынның бойында осы қасиеттің барлығы үйлесім тапқан десек артық айтпаймыз.

Мерейтойлық шараның бастамасы болған басқосуда отты жырларға сусындаған кеш қонақтары алдағы уақытта ақынды еске алуға арналған ауқымды шығармашылық кеш ұйымдастырып, авторлық кітабын шығару керек деген ұсыныстар да айтты. «Өлді деуге бола ма айтындаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған» демекші, бұл кеш Қайрат ағамыздың жырларының мәңгілік екенін тағы бір мәрте көрсетті. Ақынын құрметтеген халық барда, өлеңнің де ғұмыры өміршең болары анық.

Айдана СМАҒҰЛ

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

СҮЙЕМ МӘҢГІ

Мен құмармын жырдан түйін түйуге,
Ел мен жерім құдіретіне сүйіне.
Адал жүрек, жарқын сезім ақ көңіл,
Мазда мерей жақсылыққа жүгіне.

Уақыт солай қайда сірә барасың,
Иә, кімге мұңдарыңды шағасың.
Қайда барма тіршілікте сан соқпақ,
Толқытады көңіл-күйдің шарасын.

Кетер кейде жанын жайсыз құлазып,
Болар қалай, жұмыс, тамақ, пұл азық.
Дейтін сәттер мазаны кеп шырмайды,
Шым - шытырық, басың қатып, сұраныып.

Жақсы сөз де бойға медеу сергітер,
Қатқан суық, тоң күйінді серпілтер.
Болса дағы қолды байлау, ауыр кез,
Жамандыққа баспа үйір кергітер.

Өзен, бұлақ ғасыр тынбай ағады,
Уақыт жылжып шалқытады сабаны.
Ойлап ұғып, бірлігінмен шаманы,
Білген абзал, келген асыл бағаны.

Еркіндігім – Туыым асқақ еңселі,
Атамекен – сүйем мәңгі мен сені.
Жолындамыз нұр болашақ ертеңгі,
Таңғажайып көрінісіндей ертегі.

ҰЛЫ КӨНЕ ХАЛЫҚПЫЗ

Алып нардай шөккен өлкем таулары,
Сыңсыған ну, орман, тоғай, баулары.
Алтай, Тянь-Шань, Сарыарқа, Ұлытау,
Қазақ елі – ұлы көшкен аймағы.

Ой ұйытқан шежірелі дастандар,
Небір дәуір, замандардан асқандар.
Түрлі таңба, сөз қашалған жақпарлар,
Бүгініме жеткен тарих асқарлар.

Өткендерім қилы сырын жеткізер,
Ата-жұртым, көшіп-қонған еркін ел.
Жолым айқын төрткүл дүние таныған,
Ақиқатын бұра алмас ешкімдер.

Таулар десем, келер ұлы елдігім,
Дала десем, келер дархан кеңдігім.
Құдіретті көне туған мекенім,
Ер бабалар, батыр ұрпақ өрлігім.

Хан Тәңірі – заңғар шыңы жеріміз,
Ұлытауы – қасиетті төріміз.
Алтай, Арқа – тұнған алтын, күмісі,
Каспий, Балқаш, Арал айдын көліміз.

Айдай ашық, күндей нұрлы жарықпыз,
Ен жайлаған кең даланы алып түз.
Ескерткіштер, қорған, сансыз қаласы,
Қазақ деген – Ұлы көне халықпыз.

Серікбай ТҰРЛАН,
Еңбек ардагері.

МАМАН МІНБЕРІ

ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ АТАСЫ, ТҮРКІ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АҒАРТУШЫСЫ. ҚАЗАҚ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕК ИЕСІНІҢ ЕҢБЕГІ БҮГІНГІ ЖАҢА ЗАМАННЫҢ ЖАС ҰРПАҒЫНЫҢ МҰРАҒАТЫНА АЙНАЛДЫ. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ БІР ҒАНА МАҚСАТЫ БОЛДЫ. ОЛ – ҚАЗАҒЫН ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢДІККЕ КӨТЕРУГЕ, ХАЛҚЫН АЗАМАТТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ЖЕТКІЗУГЕ, БАРША ҚАЗАҚТЫ САУАТТЫ ЕТІП, НАДАНДЫҚТЫҢ САУЫТЫНАН ШЫҒАРУҒА АТСАЛЫСУ.

1910 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды қолға алады. Сол сәттен бастап қазақ графикасын жасауға білек сыбана кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдеп, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеп шығады. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрғанын алтын тарихтың парақтары айқындап берді. Күні бүгінге дейін оқу, білімге ұмтылған бала ең әуелі «Әліппе» оқулығынан қара таниды. Бұл қазақ тілтану ғылымына берілген ең құнды қазына болмақ. 1912-1925 жылдар арасында ғалымның әліппесі «Оқу-құралы» деген атаумен 7 рет қайта басылған. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, таныл-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе «Тіл – құралы», «Тіл құралы» десе, Ахметті танитын болған.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне қосқан үлесі орасан зор. Ол ғылымның осы саласына қатысты терминдерді жасады. Тіпті, қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысын қазақ тілінде атауды ұсынған. Мәселен, күні бүгінге дейін қолданып келген зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлы шығарғандығын зор мақтанышпен айтуға болады. 1928 жылы Қызылордада жарық көрген Ахаңның екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсар» атты еңбегін әрбір қазақ оқуы тиіс. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат ашу әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл аталған еңбектің артында елге, қазаққа деген зор махаббат тұр. Қазақ деп жүрегі соққан арда азаматтың есімі қазақтың елі барда мәңгі өшпек емес.

Алия ДАНДЫБАЕВА,
Б. Сырттанұлы атындағы №25 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ

КАКИЕ НАЛОГИ УДЕРЖИВАЮТСЯ С ЗАРПЛАТЫ В 2023 ГОДУ

КАК СООБЩАЕТ NUR.KZ, КАЖДЫЙ РАБОТАЮЩИЙ КАЗАХСТАНЕЦ ОБЯЗАН ПЛАТИТЬ НАЛОГИ В ГОСУДАРСТВЕННЫЙ БЮДЖЕТ. СТАВКИ И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ ИПН И ДРУГИХ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЛАТЕЖЕЙ УСТАНОВЛЕН НАЛОГОВЫМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВОМ РК. ЧТОБЫ ТОЧНО РАССЧИТАТЬ, СКОЛЬКО БУДЕТ УДЕРЖАНО НАЛОГОВ С ЗАРПЛАТЫ, СЛЕДУЕТ ЗНАТЬ ИХ СТАВКИ И ОСОБЕННОСТИ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ.

Какие налоги удерживаются с зарплаты в Казахстане? С зарплаты казахстанцев удерживается индивидуальный подоходный налог (ИПН), взносы на обязательное социальное медицинское страхование (ВОСМС) и обязательные пенсионные взносы (ОПВ). Также за работников уплачиваются отчисления на обязательное социальное медицинское страхование (ООСМС) и социальные отчисления (СО). Кроме того, с 1 января 2023 года в налоговое законодательство Казахстана введено понятия единого платежа, которым могут воспользоваться определенные субъекты микропредпринимательства и малого предпринимательства. Это единый платеж, который избавляет от необходимости отдельной уплаты ИПН и различных взносов.

Подоходный налог в Казахстане

По налоговому законодательству РК индивидуальный подоходный налог взимается с дохода работников и перечисляется в государственную казну работодателем, который выступает налоговым агентом. Согласно ст. 322 Налогового кодекса к такому доходу относится зарплата — деньги в наличной или безналичной форме, полученные в связи с трудовыми отношениями. Кроме того, облагаются ИПН доходы в натуральной форме (передача товаров, ценных бумаг работнику, оказание для него услуг, безоплатная передача имущества и прочее) и материальная выгода (списание долга работнику, реализация ему товаров и прочее).

Сколько высчитывают подоходный налог с зарплаты в 2023 году в Казахстане?

Размер подоходного налога определяется Налоговым кодексом РК. Согласно ст. 320 Налогового кодекса ставка индивидуального подоходного налога составляет 10%.

Кроме того, важно уточнить, что согласно Закону РК от 11 июля 2022 года о внесении изменений в Налоговый кодекс с 1 января 2023 года вступили в силу изменения в размере ставки ИПН. Возможность применения ставки 5% к определенным видам доходов исключена, налог будет взиматься в размере 10% от дохода во всех случаях. Также в том случае, если налоги с зарплаты уплачиваются в качестве единого платежа по ст. 776−3 Налогового кодекса, доля ИПН в 2023 году в нем составит 9%.

Важное понятие для исчисления ИПН — налоговый вычет. Из налогооблагаемого дохода предварительно исключаются суммы, снятые с работника в счет уплаты ОПВ, ВОСМС и накопительного страхования. Также производится стандартный вычет 14 МРП за месяц (48 300 тенге), по добровольным пенсионным взносам и вычет на медицину в размере не более 94 МРП за год (324 300 тенге). Ветеранам войны и труда во время ВОВ, инвалидам, их родителям и опекунам также положен вычет в размере 882 МРП за год (3 042 900 тенге).

Другие налоги с зарплаты в Казахстане

Кроме ИПН из зарплаты работника удерживается:

ОПВ в размере 10%, учитывается доход не более 50 МЗП (3,5 млн тенге), указывает Закон РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (ч.1, ст. 25);

ВОСМС в размере 2%, учитывается доход не более 10 МЗП (700 тыс. тенге), прописывает Закон РК «Об обязательном социальном медицинском страховании» (ч. 1, ст. 28).

Также работодатель обязан уплатить за работника:

ООСМС в размере 3%, как указано в Законе РК «Об обязательном социальном медицинском страховании» (ч. 1, ст. 27);

СО в размере 3,5% по Закону РК «Об обязательном социальном страховании» (ч. 1, ст. 14).

Важным нововведением 2023 года стал единый платеж. Он был анонсирован в Послании президента Касыма-Жомарта Токаева 14 сентября 2022 года. Порядок исчисления и уплаты единого платежа предусмотрен главой 89−1 Налогового кодекса, внесенной в кодекс в декабре 2022 года, сам платеж начинает действовать с 1 января 2023 года.

Его по собственному желанию могут применять субъекты микро- и малого предпринимательства, которые работают на основании упрощенной декларации и специального налогового режима (СНР) для производителей сельскохозяйственной продукции. При выборе единого платежа субъект малого бизнеса не должен отдельно удерживать из дохода работника подоходный налог и другие обязательные платежи. Согласно ч. 3 ст. 776−1 Налогового кодекса в единый платеж включены ИПН, ОПВ, ОПВР (с 2024 года), СО, ВОСМС и ООСМС. Ставка платежа в 2023 году составит 20%.

Как посчитать налоги с зарплаты? Следует определить налогооблагаемый доход за месяц. Кроме самой зарплаты в него включаются различные выгоды, полученные работником от работодателя в виде товаров, услуг и прочего. От указанной суммы необходимо отнять все вычеты (ОПВ, ВОСМС, накопительное страхование, стандартный вычет 14 МРП и другие). К оставшейся сумме следует применить ставку ИПН (в 2023 году — 10%).

Благодаря уплаченным налогам государство может нормально функционировать. Чтобы точно подсчитать, сколько налогов будет удержано из зарплаты, следует знать ставки налогов и с ними проделать несложные арифметические действия. Тогда можно точно быть уверенным в сумме заработной платы, которую работодатель выдаст на руки.

АКТУАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА

СТОИТ ПОПЫТАТЬСЯ СОХРАНИТЬ СЕМЬЮ

В наше непростое время любая семейная пара встречается с трудными временами. Иной раз отношения между супругами заходят в глухой тупик, единственным выходом из которого кажется развод. Как сохранить семью на грани развода. Если отношения находятся в тупике, развал семьи спасти их могут только двое. Так как супруги вдвоем способны сохранить семью на грани развода, действовать им нужно сообща. Когда молодая семья попадает в такую ситуацию, чтобы разрешить проблему положительно обычно кому-то не хватает мудрости, жизненного опыта, а кто-то просто не привык бороться за счастье. Это сделать непросто, поэтому паре для восстановления гармонии придется запастись терпением и настроиться на длительный и плодотворный труд. Но если в браке сохранилась любовь, стоит попытаться…

Часто мы в судебных процессах рассматриваем дела о расторжении брака и даем возможность и время для сохранения семьи молодым супругам. Но в большинстве случаев молодые люди не прощая друг другу обиды, не находя общий язык разводятся. Поэтому, к сожалению статистика безжалостно свидетельствует о том, что многие семьи расходятся после 2-3 лет брака. Главная причина, негативно влияющая на семейные отношения – нежелание говорить друг с другом, неспособность понять противоположную сторону. Многие просто отмалчиваются, накапливая негатив внутри себя. Вскоре неразрешенные проблемы перерастают в мощную волну раздражения. В результате в наше время разводы превысили все нормы допустимого и не смотрят на детей, которые остаются без матери или отца, это эгоизм? А в старое время было заведено, если заключен брак, то он не рушим, так как есть дети, у которых должны быть родители. И в прошлое время проблем хватало в семьях, но на разрыв отношений решалось мало людей, так как выше ставили интересы детей и несли ответственность перед детьми.

Психологи провели один любопытный эксперимент. Была собрана группа семейных пар, находящихся на грани развода. Каждому участнику показывали различные проблемы в брачных отношениях, прося рассказать о причине конфликта и методах разрешения. Почти 100% участников смогли понять суть проблем, более того, они абсолютно точно говорили о том, как сохранить отношения, но при этом не могли объективно выявить трудности в собственной семье.

Кодекс Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» однозначно дает ответ на вопрос, когда развод невозможен. Суд оставит заявление истца без рассмотрения, если выяснится, что супруга беременна либо ребенку не исполнился 1 год на момент представления заявления на развод. Объяснение этому самое простое: в Республике Казахстан, как и в других странах, государство встает на защиту материнства и детства. Законодатели считают невозможным развод в семье, где ожидается или уже есть младенец. Это закон, поэтому попытка супруга получить развод в одном из этих случаев даже через суд будет обречена на провал.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Илийского районного суда
Алматинской области.

СИТУАЦИЯ

ОСТОРОЖНО! ГОЛОЛЕД!

Как передает Sputnik, перепады дневной и ночной температуры в столице и регионах Казахстана, зафиксированные синоптиками, превратили километры дворов и тротуаров практически в зеркальную ледяную пустыню.

Прокуратура завела уголовное дело на «КазАвтоЖол» из-за гибели человека в гололед.

Минздрав Казахстана опубликовал несколько советов, которые помогут безопасно передвигаться по обледенелым тропинкам до того, как до них доберутся коммунальщики.

Ходить аккуратно

Даже если вы сильно опаздываете — не стоит пытаться бежать по льду. При ходьбе необходимо наступать на всю стопу, а ноги расслабить в коленях, отметили в ведомстве.

«Представьте себя пингвином. Чуть согните ноги, не напрягайте колени, семените, наступая на всю подошву», — говорится в сообщении Минздрава.

Медики также призывают не ходить быстро и не поднимать высоко ноги в гололед.

«Чем мельче шаг, тем лучше. Никогда не держите в гололед руки в карманах», — подчеркнули в министерстве.

Носить правильную обувь

В гололед следует забыть о каблуках и обуви со скользящей подошвой. Напротив, следует выбирать сапоги и ботинки, которые лучше всего обеспечивают «сцепление» с поверхностью, как зимняя резина для автомобилей, посоветовали в Минздраве.

Падать правильно

«Если вы чувствуете, что поскользнулись и падаете, сразу постарайтесь перенести вес тела вперед и на бок. Нужно избегать падения на спину», — подчеркивают в ведомстве.

Если после падения чувствуется даже небольшая боль или дискомфорт — лучше сходить к врачу, не откладывая. Потому что иногда даже слабая боль может быть признаком вывиха, а некоторые травмы проявляются только со временем.

«Запомните, что безопаснее всего падать на бок и ни в коем случае не выставлять в сторону падения руку или ногу, наоборот постараться максимально расслабиться», — напомнили в Минздраве.

И снова подчеркнули: без медицинской помощи можно обойтись лишь в случае легкого ушиба.

«Ни в коем случае нельзя оставлять без внимания удары головой об лед — даже небольшое сотрясение может быть чревато головными болями, падением остроты зрения или слуха», — особенно отметили медики.

Они призвали быть осторожными в гололед и пожелали казахстанцам здоровья.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДЖИУ-ДЖИТСУ

КҮШ, АЙЛА-ТӘСІЛ ЖӘНЕ АҚЫЛ БОЛСА...

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ОБЛЫСЫМЫЗДА СПОРТ ДЕҢГЕЙІ ЖАҚСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ. ЕЛІМІЗДІҢ КӨК ТУЫН ӘЛЕМГЕ ЖЕЛБІРЕТІП ЖҮРГЕН СПОРТШЫЛАРДЫҢ АРТЫНДА, ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУГЕ СЕБЕПШІ БОЛЫП ЖҮРГЕН БАПКЕРДІҢ ТҰРҒАНЫН АЙТПАЙ КЕТПЕСКЕ БОЛМАС. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ТИМУР СЫДЫҚОВ.

Тимур Советұлы 1988 жылы Талдықорған қаласында дүниеге келген. Мектеп қабырғасында жүріп спортқа жаны құмар болып өсті. Барлық бос уақытын спортқа сарп етті. Мектеп бітірген соң І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары білім алып, 2008 жылдан бері мамандығырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде және облыстық жоғарғы спорт шеберлігі мектебінде джиу-джитсудан жоғары санаттағы жаттықтырушысы болып қызмет атқарып келеді.

Оның спортты таңдауына бірден бір себепші болған – атасы, қазақ күресі, самбо және еркін күрестен КСРО-ның 3 дүркін чемпионы, спорт шебері, Қазақстан Республикасының 17 дүркін чемпионы – Сыдықов Саурық Сейітбатқаұлы болатын.

Бүгінде Тимур да халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бірнеше дүркін Қазақстан Республикасының чемпионы, 3 дүркін Әлем чемпионы атанды. Сондай-ақ, Азия чемпионатында 2-ші және 3-ші орындарды иеленді.

Спортшының айтуынша, джиу-джитсу сөзінің өзі мойынсұнуды, яғни, «жеңу үшін мойынсұнуды» білдіреді. Джиу-джитсу – күш, айла-тәсіл, ақылды қажет етеді. Адам бойындағы осы үш қасиеті аталмыш күрестің басты қаруы. Басқа спорт түрлеріне қарағанда бұл көпсалалы спорт түріне жатады. Қазір әлемдегі танымал спорт түріне айналып, қарқынды дамып келеді. Бүгінде жастар мен балалар, тіпті, ересектер арасында джиу-джитсуға қызығушылық танытып жатқандар көп.

«Баптап жүрген балаларға тек оқушы ретінде қарамай, досымдай көріп, жаныма жақын тартамын. Әрқайсының ішкі жан-дүниесін түсінуге тырысамын. Себебі чемпионды дайындау үшін оны бес саусағыңдай білу керексің. Ол мықты болу үшін жөндейсің, тезге саласың. Жонасың, күзейсің, нәтижесінде шәкірт озады. Ал халқымызда «Ұстаздан шәкірт озса игі» дейді. Жарыстарға үкілеп апарған балаларым үздіктер қатарынан көрініп жүрсе, маған тәлім берген ұстазым, бапкерім Елкеев Нұржан Кенжеұлының еңбегінің нәтижесі деп білемін», – дейді бапкер.

Тимур Советұлы спортшылар залда бапкерлердің арнайы бағдарламалары арқылы дайындалатынын тілге тиек етті. Бірақ ол бәріне бірдей қойылмайды, өйткені бұрыннан қатысып келетіндер бар, жаңадан қосылғандар бар. Жаттығушылар әр топқа бөлініп жеке бағдарлама қойылатынын айтады.

Бүгінде ол джитсерлерді шыңдау жолында тынымсыз еңбек етуде. Шәкірттерінің барлығын мектеп стадионына жинап, арнайы жаттығулар жасатады. Бойындағы бар қасиетін, күш-жігерін оларға сіңіріп, ел намысын қорғайтын мықты спортшы дайындауда. Соның нәтижесі болар, шәкірттері де талай байрақты бәсекелерде облыс, республика намысын қорғап, үнемі жүлделі орындардан көрініп жүр. Атап айтсақ, Самат Сәрсенұлы, Санат Сәрсенұлы, Махарбек Балаев бүгінде халықаралық жарыстарда, ел чемпионаттарында топ жарып, тұғырдың ең жоғарғы сатысынан көрініп жүр.

Жуырда ғана шәкірттерінің бірі әлем чемпионы атанды. Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Абу-Даби қаласында Самат Сәрсенұлы 56 келі салмақ дәрежесіндегі спортшылар арасында үздік атанypты.

Кейіпкер сөзінше, бұл спорт түрінде әр спортшының өзіндік тактикасы мен техникасы болады. Оны әр джитсер айта бермейді. Дегенмен мұндағы техника белгілі бір жұмсақтықпен және тіпті жеңілдігімен ерекшеленеді. Сыртқы жағынан джиу-джитсу жауынгерлік биге ұқсайды. Джитсердің қозғалысы жеңіл, босаңсыған және табиғи болуы керек. Ал керісінше неғұрлым өткір, күрделі қимылдар болса, соғұрлым техникасы джиу-джитсуға ұқсамайды.

Өңірімізде жақсы қарқынмен дамып келетін бұл спорт түріне қатысушылар қатары жылдан-жылға көбеюде. Қазіргі таңда Алматы және Жетісу облысы республика бойынша бірінші орында тұр. Еліміздің қоржынына түскен медальдардың жартысынан көбі Жетісу, Алматы облысының спортшыларының еншісінде екен.

«Джиу-джитсуға кез келген бала қатыса бермейді. Ол үшін адамда ең бастысы өз-өзіне деген сенімділік қажет. Екінші табандылық пен төзімділік қажет. Спортшылар әр түрлі жағдайларды басынан өткеруі мүмкін. Сондай жағдайлардан өтуге оларға тек осы қасиеттері көмектесе алады», – дейді Т. Сыдықов.

Осы уақытқа дейін талай баланың бабын келістіріп, бағын ашқан бапкер чемпиондар шығарсам деген арман жолында аянбай тер төгіп келеді. Жасөспірімдердің спортпен дұрыс айналысуына ат салысып, жоғары нәтижеден көрінуін көздеген жаттықтырушының мақсаты да орындалуда. Облыстың ғана емес, республика абыройын алға қойған бапкердің еңбегі ақтала бергей.

Арайлым НҰРЖАПАР

ШАХМАТ

АҚЫЛ-ОЙДЫҢ ОЙЫНЫ

«Атпен жүру» – бұл тіркес шахматшылардың тілінен шыққан. Шешуші әрекет. Күтпеген нәрсе жасау. Дәл осы стратегияны Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің жас шахматшысы Әлтаир Меңдібек ойында қолданғанды ұнатады.

Әлтаир үшін шахмат 3-сыныптан бастап маңызды хобби болып саналады. Чемпиондар Анатолий Карпов пен Гарри Каспаровтың шахматтан әлем чемпионатына арналған кездесуін көргеннен кейін зияткерлік ойынға деген қызығушылық арта түсті.

Төртінші сыныпта Әлтаир қалалық жарыстарда 2 орын алып, алғашқы медалін иеленді. Жетістіктер қазынасындағы ең елеулі жеңістер – 2018, 2022 жылдардағы облыстық жарыстарда 1-орын.

Биыл облыстық, қалалық турнирлердің жеңімпазы атанып, 2-орынға ие болды.

– Маған гроссмейстерлер Даниил Дубовтың және Анатолий Карповтың ойындарын көрген ұнайды. Ойын барысын, таңдаған қимылдарының мағынасын түсінуге, оқиғалардың логикалық тізбегін көруге және есте сақтауға тырысамын. Өйткені олардың ойыны, шахматты түсіну деңгейі жоғары», – дейді жас спортшы.

«Әлемдегі ең күшті шахматшылардың феномені қандай? Олардың деңгейіне жету мүмкін бе?» деген сұраққа Әлтаир өз пікірімен бөлісті.

«Әр дәуірдің өз шахматшысы болады. Менің ойымша, қай кезде де чемпиондардың феномені үлкен еңбекке, уақыт пен күш-жігерді аямай шыңдыққа жетуге ұмтылуға негізделген».

Әлтаир шахматтан республикалық деңгейде нәтижеге жетуді жоспарлап отыр. Ол бағдарламалаумен де айналысады, болашақта мамандығын осы саламен байланыстырғысы келеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БОКС

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА 2009 - 2010 ЖЫЛЫ ТУҒАН КІШІ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА БОКСТАН ҚАЛА БІРІНШІЛІГІ БАСТАЛДЫ.

ҚАЛА ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛДЫ

Аталған жарысқа қаланың 5 спорт мектебінен 85 спортшы қатысуда.

Доданың ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының КСРО спорт шебері Қоқан, Шоқан Салқаузов сөз сөйлеп, бәсекенің шымылдығын түрді.

Жарысқа келген жас боксшылардың дайындығы өте жақсы. Әрқайсы өз мектептерінің намысын қорғап, шаршы алаңның шаңын қағуда. Жарыс төрт күнге созылады. Өз салмақ дәрежесінде сынға түсіп жатқан былғары қолғап шеберлерінің нәтижесі алдағы күндерде белгілі болады.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ҮЗДІКТЕРГЕ ҮМІТ АРТАМЫЗ

Астана қаласында жеңіл атлетикадан ерлер мен әйелдер арасында ҚР кубогі және U-20 2004-2005жылғы туған жастар арасында ел чемпионаты өз мәресіне жетті. Дүбірлі додаға еліміздің барлық аймағынан командалар қатысып, Жетісу облысының спортшылары үздіктер қатарынан көрінді.

Ел кубогын сарапқа салу жарысында ядро итеруден Иван Иванов 1-орынды жеңіп алды. 1500 метрге жүгіруден Ақбаян Нұрмәмет алтынға қол жеткізсе, 800 метр қашықтықта да осы жетістігін қайталады. Мадина Керимова 1500 және 3000 метрде күмісті қанағат тұтты. Данияр Орманғали – 3000 метрде қоланы қомсынбады.

Айта кетейік аталған ел кубогының бәсекесі Х Азия чемпионатына іріктеу жарысы болып саналады. Бұл жарыста үздік шыққан Иван Иванов, Мадина Керимова, Ақбаян Нұрмәмет Азия чемпионатында ел намысын қорғайды.

U-20 жастар арасында ҚР чемпионатында жетісулық Айана Болатбекқызы -1500м жеңімпаз атанса, Жанболат Қадырбек те 800м алтын медальді қоржынға тоғытты.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БАЛАЛАР ӘЛЕМІ

ӨЗДЕРІҢІЗ БІЛЕТІНДЕЙ «ЖЕТІСУ» РАДИОСЫНЫҢ ӘУЕ ТОЛҚЫНЫНДА ОЙҒА ОЙ ҚОСАРЛЫҚ ЖАҚСЫ БАҒДАРЛАМАЛАР БЕРІЛІП КЕЛЕДІ. СОЛАРДЫҢ БІРІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «БАЛАЛАР ӘЛЕМІ» ЖӘНЕ «БІЛГЕНГЕ МАРЖАН» АТТЫ БАҒДАРЛАМАСЫ. ӘУЕ ТОЛҚЫНЫНДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН ОСЫ ХАБАРЛАРДЫҢ ЖАЗБАША НҰСҚАСЫН БІЗ ГАЗЕТ БЕТІНДЕ ДЕ ЖАРИЯЛАП ОТЫРУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

«БАЛА ЖАМБЫЛ» АТЫМЕН КӨПШІЛІККЕ ТАНЫЛҒАН

Талайға таңдай қақтырып, жеті жасынан өлең жазып, Қазақстанның рекордтар кітабына енген жас ақын Жамбылды білмейтін жан кемде-кем болар.

Жамбыл Дүйсенұлы, 2003 жылы бесінші сәуір күні дүниеге келген.

Жамбыл ауданының тумасы болғандықтан есімін әкесі қойған. Және ұлы тұлға секілді ақын болсын деп емес, Жамбыл атасы сияқты 100 жасасын деп ырымдап қойыпты.

Оның айтуынша, ақындық атасынан дарыған, әжесі оны кішкентай кезінен батырлар жырымен, ертегілермен тәрбиелеп өсірген. Әжесі Жамбылды өзге немерелерінен ерекше артық көретін болған. Сабақтан келгенше оның ойыншықтары мен қалам дәптерлерін жастығының астына тығып қойып, ешкімге тигізбейді екен. ҚР тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жамбылға жеті жасында робот ойыншық сыйлапты. Соны әжесі өмірден өткенше жастығының астына қойып, қызғыштай қорғаған. «Ол да бір бақытты кездер еді» деп үнемі әжесін сағына еске алатын Жамбыл әжесіне арнап өлең шығарыпты.

Ол екі жасынан бастап әріп танып, 4 жасында көшедегі жазуларды біріктіріп оқи бастаған. Алты жасында мектеп табалдырығын аттаған Жамбыл бірінші сыныптың бағдарламасын толық білетін болғандықтан, мектеп басшысы емтихан тапсырту арқылы екінші сыныпқа көшуіне рұқсат еткен. Оқу үлгерімі жоғары, талантты, өте дарынды оқушы болуына байланысты бастауышта екінші, үшінші сыныпты оқып, кейіннен бесінші сыныпқа көшкен. Өзінің қатарластары 8-сыныпты оқып жүргенде бала Жамбыл 11-сыныпты 14 жасында оқып бітірді. Ал жоғарғы оқу орын, Қазақ Ұлттық университетін 18 жасында оқып бітірген.

Жамбыл Дүйсенұлының алғашқы жыр жинағы 7 жасында жарық көрді. 15 өлеңнен тұратын кішкентай жинақ «Тәуелсіздігім тәңірден келген тәтті сый» деп аталады. Және екінші жинағы ҚР тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен жарық көрген 50 өлеңнен тұратын «Періштелік» атты жинағы. Бүгінде «Өлеңім – менің өмірім» атты кітабы баспада жатыр. Ол жинақ осы жылы он мыңға жуық таралыммен жарық көреді деп жоспарланып отыр.

Бала Жамбылдың өлең жазудан да басқа өнерлері бар. Тұрақты түрде бокспен шұғыланып, футбол ойнағанды ұнатады. Яғни біздің бүгінгі кейіпкеріміз сегіз қырлы бір сырлы жігіт болып өсіп келеді. Біз өз тарапымыздан бала Жамбылға, баба Жамбылдың бағы мен дарыны қоса бұйырсын деп тілек айтамыз.

Данагүл СЕРІКБОЛҚЫЗЫ,
Мойнақ ауылындағы
№23 орта мектебінің 8-сынып оқушысы.

«ҮЗДІК ОҚУШЫ» СИНДРОМЫ ДЕГЕН НЕ?

Үздік оқушы – үнемі бестіктер алатын ұқыпты, тәртібі үлгілі жан. Сізге таныс жағдай ма? Ал үнемі үздік оқушы болуға тырысу психологиялық зардаптар да әкелу мүмкін. Ендеше үздік оқушы синдромының салдарын және одан құтылу жолдарын оқып көрелік.

Психологтар бұл синдромды адамның үнемі жоғары нәтижелерге ұмтылуынан туындайды дейді. Мектеп, үй жұмысы немесе мансап болсын. Мұның бәрі бастауыш сыныптан басталады. Бала ата-аналарын жоғары бағамен қуанту үшін көп тырысады. Мұның не жаманы бар? Ақылды, үздік болу жақсы, бірақ, мұндай шектен тыс ұмтылыс адамның өзін-өзі жоғалтуына әкелуі мүмкін. Үздік оқушыдан мінсіз студентке, одан ересек оқушы кейпіне енеді. Бар қиындықтар осы кезде көрініс табады.

* * *

Бұл отбасылық қарым-қатынас пен тәрбиеге байланысты. Баласының сабаққа тыңғылықты дайындалатын және өзін жақсы ұстайтын үздік оқушы болғаны ата-аналар үшін қуаныш. Бірақ кейде олар тым көп нәрсені талап етеді. Сол үшін балада мынадай көзқарас қалыптасады: «Егер мен үздік болсам, ата-анам мені жақсы көреді» Ата-ананың сүйіспеншілігін арттырудың бір әдісі – барлық сұраныстарды 100%-ға орындау. Ана мен әкенің назарын аударады. Ата-аналар бала арқылы өздері жете алмаған нәрсеге қол жеткізуге тырысады. Осылайша өзін-өзі қанағаттандырады, сенімді бола бастайды.

* * *

Жасық балаларды «біз сені жақсы көреміз, егер...» деген қағидамен тәрбиелесе, олар өз пікірлерінен бас тартады. Өздерінің жеке басын, пікірі, қалауы мен қажеттіліктерін жоғалтады.

Синдром – сынды қабылдай алмау, барлық жағдайда мінсіз болуға деген ұмтылысты тудырады. Бұл жүйке жүйесінің жұқаруы мен тұрақты күйзеліске әкелу мүмкін. Жоғары нәтижеге жету үшін синдромы бар адамдар жеке уақытын, демалысты және жақындарымен қарым-қатынасты құрбан етеді. Тіпті жаңа нәрселерді көруден және өздеріне үлкен мақсат қоюдан бас тартады. Өйткені керемет нәтижеге жетпеймін деп қорқады.

* * *

Бірақ сіз бұл перфекционизмді ауру деп ойламаңыз. Оны жақсы жаққа қолдануға болады. Егер сіз осы сапаны шебер басқаратын болсаңыз, онда сіз өз өміріңізде барлық шектеулер мен қиындықтарсыз жетістікке жете алсаңыз. Себебі жауапкершілік, тапсырмаларды орындауда ұқыптылық, мерзімге бағыну сияқты қасиеттер мектеп жылдарында да, студенттерде де, жұмыста да жоғары бағаланады.

* * *

Негізінен бұл кішкентай кезде ата-ана махаббаты, қоғаммен қарым-қатынас жетіспегенде пайда болады. Адамға ешкім назар аудармайтындай сезінеді. Ол сезімнен құтылу үшін адам өз-өзімен көбірек жұмыс істеуі керек:

Бірінші қадам жасаудан қорықпаңыз. Дос табу үшін дос бола білу керек. Адамға назар аударыңыз. Шынайы ынтаңызды көрсетуге ұялмаңыз.

Сұрақ қойыңыз. Оның өміріндегі оқиға туралы сұраңыз: «Сен қандай шешім қабылдадың?», «Бұл қашан болады?», және т.б.

* * *

Синдромнан түпкілікті құтылу мүмкін емес. Бірақ егер бұл жағдайдың түпкі себебін білсеңіз, оны бақылауда ұстай аласыз. Психологтар нақты себепке қарамастан қолдануға болатын бірнеше әмбебап әдісті көрсеткен.

Өміріңізге қате элементтерді қосыңыз. Қосымша міндеттерден арылуға тырысыңыз. Пәтерді бір рет жумай-ақ қойыңыз. Сол кезде демалуға көбірек уақыт қалады және барлығын мінсіз қыламын деген ойлардан арыласыз. Бір жуылмаған стақан сіздің әлеміңізді немесе достарыңызбен қарым-қатынасыңызды бұзбайды.

Жауапкершілікті ысыруға үйреніңіз. Көршілердің орнына жатақхананы жуу, әріптестер үшін маңызды жұмыстарды аяқтаудың қажеті жоқ. Артық жауапкершіліктен құтылыңыз. Әркім өз міндеттерін өзі орындайды.

Өзіңіздің қателесуіңізге жол беріңіз. Қателік жасауға құқығыңыз бар. Сол үшін жаңа нәрсені үйренуді бастаңыз: би билеу, шет тілін үйрену, жаңа хобби табу. Осылайша сіз өз арманыңызды жүзеге асырып, қателіктің жаман емес екенін түсінесіз..

Сын қабылдап үйреніңіз. Сынды қатаң ескерту, сөгіс немесе қорлау ретінде қабылдамаңыз. Егер сіз оны жұмысыңызды жақсартуға көмектесетін пайдалы кеңес ретінде қабылдасаңыз, оның керек екенін ұғасыз.

Дұрыс жоспар құрыңыз. Екінші жоғары білім алу, шет тілін үйрену, жұмыста жетістікке жету және бір уақытта көлік айдап үйрену өте қиын. Бұған жол бермес үшін мақсатты алдын-ала бөлген дұрыс.

Қарапайым болыңыз. Бақытты болу үшін мінсіз болудың қажеті жоқ. Өзгенің мақтауына құмар болмаңыз. Кейде адамдар қатты күш салмай-ақ жетістікке жетіп жатады. Соларға зер салыңыз. Сіз бар жақсыға лайықсыз! Өмірдің керемет екенін естен шығармаңыз!

Темірлан АЙТБАЕВ

ФОТОЭТЮД

ҚОҚЫСҚА ҚАҚАЛҒАН ҚАЛА

Бетті дайындаған: А. НҰРЖАПАР.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 109
Индекс 15534